

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі

қолжазба құқығында

Усаев Жанкелді Аханұлы

**ЭЛЕКТРОЭНЕРГИЯ НАРЫҒЫНДА БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ
ДАМУ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04101 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Ж. Ж. Давлетбаева, әлеуметтану
ғылымдарының кандидаты, профессор

Жоба қорғауға жіберілді: « ____ » _____ 2022 ж.

Мемлекеттік саясаттың
ұлттық мектебінің директоры: _____ М. Н. Абдыкаликова

Нұр-Сұлтан, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ	5
ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ	8
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ	12
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ	13
ҚОРЫТЫНДЫ	40
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН КӨЗДЕР ТІЗІМІ	41
ҚОСЫМША.....	48
Мемлекеттік орган үшін негізгі ұсынымдарды қамтитын жұмыс нәтижелері бойынша талдамалық жазба	48

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы;

2. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 Заңы;

3. Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10531 тіркелді;

4. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10533 тіркелді;

5. 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысы.

Белгілер мен қысқартулар

ҚР	–	Қазақстан Республикасы
IT	–	ақпараттық технологиялар
БАҚ	–	Баспасөз ақпарат құралдары
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
GCI	–	жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (Global Competitiveness Index)
Тг	–	теңге
КВт/с	–	киловатт/сағат
БҚО	–	Батыс Қазақстан облысы
СҚО	–	Солтүстік Қазақстан облысы
ШҚО	–	Шығыс Қазақстан облысы
АҚ	–	акционерлік қоғам
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары

Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі мен мәселесі. Бәсекелестік нарық тетігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Соңғы жылдары әлем елдерінде электр энергиясының нарықтарында бәсекелестікті арттыру және ырықтандыру (либерализация) процесстері кеңінен етек алған. Бұл саланың әртүрлілігі ғылыми зерттеулерге, сондай-ақ іскерлік мүдделердің артуына әкеліп отыр. Нарықтың қарқынды дамуы бизнестің қызығушылығына және оған инвестициялар өсуіне, салаға IT-технологиялар енгізілуге әкелді. Алайда, бұл тек электр энергиясы саласындағы жақсы жұмыс істейтін заңнамалық базасы бар әлемнің жетекші елдеріне ғана тән.

Аталмыш салада ҚР мемлекеттік басқаруында бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан реформалар азаматтардың қажеттіліктеріне бағдарланған. Қазіргі Қазақстанның серпінді дамып келе жатқан мемлекет ретінде қалыптасу жолындағы қызметінің негізгі құралдарының бірі осы реформалар арқылы тиімді мемлекеттік аппаратқа қол жеткізу болып табылады. Бұл ретте электр энергиясының нарығын мемлекеттік реттеу, мемлекеттік басқару және мемлекеттік саясатты қалыптастыру барынша маңызға ие.

Электр энергиясы нарығының әртүрлі секторларында ашық бәсекелестікті ортаны құру мемлекеттің тұрақты дамуына бағдар болады және болып қала бермек. Бұл мемлекеттің экономикасы мен барлық электр энергиясы нарығы жағдайындағы бәсекелестікті артықшылықтарын дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Сондай-ақ, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында бәсекелестікті ортаны айтарлықтай түрлендіріп, әр кәсіпкер үшін шын мәнінде тең мүмкіндік қалыптастыру қажет, кәсіпкерлер нарыққа кіре алмайды, ал егер кіре қалса, жеке монополистерге бағынуға мәжбүр болады деп атап өтті. [1].

Бұл ретте еліміздің ірі қалаларында халыққа электр энергиясын монополиялық компаниялардың ұсынып отырғаны барлығымызғы мәлім.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы С.Жұманғарин ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының алдындағы 25.11.2021 жылғы баяндамасында, «Бүгінгі таңда ұйымдастырылған сауда-саттықта электр энергиясының тек 1%, қалғанының бәрі мөлдір емес тікелей келісімшарттар бойынша сатылады. Осыған байланысты, 2025 жылға дейін ұйымдастырылған электр энергиясы саудасы кем дегенде 30% - ға дейін ұлғаюы тиіс», деп атап өтті [2]. Аталмыш шараны жүзеге асыру бәсекелі ашық нарыққа қол жеткізуге өз ықпалын жасайды.

Соңғы уақытта ҚР электр энергиясының нарығының дамуына бағытталған мемлекеттік басқарумен байланысты бірқатар проблемалық мәселелер байқалады. Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша қойылған міндеттерді іске асыру

кезінде мемлекеттік органдар қоғам тарапынан өзгерістерге бейімделгісі келмеу мәселелеріне тап болады.

Қазіргі әлемде халықтың өмір сүру сапасы бүкіл экономикалық жүйенің дамуын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. Атқарылған жұмыстардың үлкен көлеміне қарамастан, халықтың қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру қажеттілігін көрсететін халықтың өмір сүру сапасын басқару тәсілдерін өзгертуді талап ететін проблемалар туындайды.

Қазіргі таңда халық үшін электр энергиясын қамтамасыз етуде еліміздің көптеген облыстарында монополист компаниялар қызмет көрсететіні жасырын емес. Осы ретте халықтың өмір сүру сапасының жай-күйі мемлекеттік басқарудың тиімділігін тікелей көрсететінін ескере отырып, бұл проблеманы шешуге үлкен мән беріледі.

Зерттелетін проблеманың өзектілігі электр энергиясы нарығының бәсекелестік деңгейін арттырумен және осы қызметтің нәтижесімен халықтың өмір сүру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару органдары қызметінің тиімділігімен байланысты. Бұл ретте электр энергиясы нарығындағы бәсекелік ортаны дамытуды зерттеу проблемасы аз зерттелген күйінде қалып отыр және жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Зерттеу тақырыбының аясында электр энергиясын өндіру, жеткізу, тұтыну сияқты т.б. қызметтер болғандықтан, зерттеу электр энергиясының бөлшек нарығын, ішінара нарықты ырықтандыру сұрақтарын қамтиды.

Жобаның мақсаты мен міндеттері.

Электр энергиясы нарығындағы бәсекелестікті ортаны дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ электр энергиясы нарығындағы азаматтардың қызмет көрсетушіні таңдау мүмкіндігі үшін ақпараттық жүйе (онлайн-платформа) моделін ұсыну, сол арқылы нарықтың қатысушылары арасында салауатты қарым-қатынас және қатардағы тұтынушыларды қорғау бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесідей **зерттеудің міндеттері** қойылған:

- бәсекелестіктің теориялық негіздерін зерттеу;
- әлемдік дамыған мемлекеттердің электр энергиясының нарықтарын зерделеу үшін халықаралық тәжірибені талдау;
- ҚР электр энергиясы нарығындағы бәсекелестіктің теориялық негіздерін зерделеу және қазіргі жағдайына шолу;
- жоба барысында айқындалған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және ұсыну;
- электр энергиясы нарығындағы онлайн-платформа моделін ұсыну.

Зерттеу объектісі. ҚР электр энергиясының нарығы жүйесі.

Зерттеу пәні. ҚР электр энергиясының нарығының бәсекелестігін арттыру.

Зерттеу әдістері. Магистрлік жобаны жазу барысында теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері, салыстырмалы талдау, контент-талдау әдістері, ҚР қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін талдау қолданылды. Сондай-ақ,

дереккөздер ретінде еркін қол жетімді мақалалар, нормативтік-құқықтық актілер, есептер, жарияланымдар, электрондық ресурстар пайдаланылды.

Гипотеза:

- электр энергиясы нарығындағы бәсекелестік ортаны құру халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, кәсіпкерлердің нарыққа кіруіне, жеке монополистерден мәжбүрліктен арылуға бағдарланған мемлекеттік органдарды басқару процестерін жақсартуға ықпал етеді;

- электр энергиясы нарығындағы сауда-саттықтың онлайн-платформасы моделін енгізу халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы. Теориялық тұжырымдар ҚР электр энергиясы нарығындағы бәсекелестікті дамытуды одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық құндылығы. Осы зерттеудің материалдарын ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің қызметкерлері және тұтастай алғанда энергетика саласындағы барлық жауапты мемлекеттік қызметкерлер пайдалана алады.

Әдебиетке шолу

Адам Смит бәсекелестікті нарық қатысушыларының қызметін үйлестіретін «көрінбейтін қол» деп санайды [3].

М. Портер бәсекеге қабілеттілік теориясын зерттей отырып, жетекші орын нарық құрылымы мен бәсекелестік қатынастардың даму деңгейі емес, олардың технологиялық өзгерістерге бейімделу дәрежесіне береді [4].

Саладағы бәсекелестік бәсекелестердің мінез-құлық шеңбері мен экономикалық құрылымынан пайда болады. Жаңа экономика жаңа бәсекелестік ортаны, бәсекелестікті талап етеді. Экономиканың дамуы өзара бәсекелестік қарым-қатынастың өзгеруімен сипатталады. Бәсекелестік - бұл ең тиімді және бәсекеге қабілетті құндылықтарды құрудың сенімді өндірістік тізбегі. Сәйкесінше, бәсекелестік - бұл тізбектегі орын үшін күрес. Бәсекелестікті дамытудың қазіргі кезеңі, сөзсіз инновациялармен байланысты (өнім, технологиялық және ұйымдастырушылық).

А. Курно бәсекелестікті әрқайсысы бәсекелестерінде өндіріс көлемін өзгеріссіз қалады деп болжап, екі және бірнеше ұйымдардың күресі ретінде анықтайды[5].

Качалина Л. Н., монополия болмаған жағдайдағы жарыспалылық ретінде көреді[6].

Шкиотов С.В. негізгі капиталдың өсуін қамтамасыз ететін салалардың дамуы мен техникалық жай-күйінің деңгейі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жасауға қоғамның материалдық және еңбек шығындарының деңгейін, демек, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтынына назар аударады [7].

Нақ осы сұраныс пен ұсыныс заңдары негізінде электр энергиясы саласының барлық секторларында нарықтық тетіктерді қалыптастыру және баға белгілеудегі бәсекелестік ұзақ мерзімді инвестициялар тартуға, электр энергиясына арналған тарифтің барабар деңгейінде елдің бүкіл аумағы бойынша тұтынушыларды сенімді және үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандардың бәрі цифрлық трансформация сияқты саланың мақсатты бағдарларына қол жеткізу үшін қажет, онсыз қазақстандық электр энергиясы саласының тұрақты дамуын қамтамасыз ету және тұтастай алғанда Қазақстан экономикасының өсуіне теріс әсер ететін маңызды проблемаларды болдырмауды елестету мүмкін емес.

Савельева Н.К. ойынша, бәсекеге қабілеттілікті дамыту инновациялық өндірісті жандандыруға, сапаны арттыруға, шығындарды азайтуға және мемлекеттің экономикалық процестерге әсер ету мүмкіндігін арттыруға ықпал етеді [8].

Электр энергиясы нарықтарын ырықтандырудың басынан бастап бөлшек бәсекелестіктің қажеттілігі және оның тұтынушылар үшін әлеуетті пайдасы талқылау тақырыбына айналды.

Пол Л Йоскоу бөлшек сауда нарықтарының энергетикалық сектордағы шектеулі рөлін көреді, өйткені бөлшек сауда нарықтарының көптеген дәстүрлі рөлдері энергияға қатысты емес (орналасқан жері мен уақытына байланысты сатудан кейінгі қызмет көрсету және ыңғайлы жеткізу). Сондықтан ол бөлшек энергетикалық нарықтардағы бәсекелестік негізінен қосымша қызметтерді (сақтандыру, энергетикалық қызметтер) ұсыну үшін пайдалы, бірақ реттелетін тарату операторлары көтерме саудада индекстелген бағамен энергияны жеткізу үшін негізгі бөлшек өнімді ұсынуы керек. Электр энергиясының нарықтарында бөлшек сауда ашылуымен тарату компаниялары тұрмыстық тұтынушыларға спот-нарықта көтерме бағамен (орташа) сатып алуға мүмкіндік беруі керек. Олар электр энергиясының бөлшек сауда саласындағы бәсекелестер баға бәсекелестігіне емес, қосылған құн қызметтеріне назар аударуы керек деп санайды [9].

Керісінше, Стивен Литтлчайлд, бөлшек сауда нарығындағы барлық нәрсе баға бәсекелестігіне негізделген және қайталама нарықтағы бәсекелестік көтерме нарықта бәсекелестікті құрудың қажетті құрамдас бөлігі болып табылады деп мәлімдейді [10].

Бөлшек сауда нарығындағы бәсекелестіктің басым сипаттамаларының бірі - белсенді емес немесе пассивті деп аталатын тұтынушылардың, яғни жеткізушіні өзгертпеген немесе келісімшарт жасамаған тұтынушылардың едәуір бөлігі. Пассивті тұтынушылардың басым болуы электр энергетикасы саласында айқын болуы мүмкін, өйткені нарық толығымен реттелетін нарықтан пайда болды және көптеген тұтынушылар ешқашан белгілі бір келісімшартты саналы түрде таңдамады, бірақ жай ғана өзінің қолданыстағы сатушысымен әдепкі келісім-шарт бойынша жалғастырды. Сондықтан мұндай мінез-құлық әдетке айналуы мүмкін. Алайда, егер олар таңдау шығындары (іздеу және транзакция шығындары) ауысудың күтілетін пайдасынан асып түседі деп санаса, ауыспау туралы шешім ұтымды болуы мүмкін. Алайда, тұтынушылардың гетерогенді екенін мойындау және бөлшек сауда нарығында белсенді тұтынушы болудың күтілетін шығындары мен артықшылықтарын әр түрлі бағалау маңызды. Кейбір тұтынушылар ауыспағаны үшін кейбір қаржылық артықшылықтарды жіберіп алған болуы мүмкін, бірақ олар үшін қаржылық емес шығындар бұл пайдадан асып кетуі мүмкін, бұл олардың мінез-құлқын толығымен ұтымды етеді.

Марк Армстронг ақпараттандырылған тұтынушылар үшін ақпарат алуға қаражат салмау және тәжірибесіз болу өте ұтымды болуы мүмкін екенін көрсетеді. Ол тұтынушылардың екі түрі болған кезде бірнеше іздеу модельдерінде сатушылардың стратегиялық шешімдерін модельдейді: тәжірибелі және тәжірибесіз тұтынушылар және екі топ арасындағы сыртқы әсерлерді талдайды [11].

Тәжірибелі тұтынушылар нарықтағы ең жақсы ұсыныстарды таңдайды, бұл бөлшек саудагерлерді бағаны төмендетуге және өнім сапасын жақсартуға итермелейді. Тәжірибесіз тұтынушылар ұсыныстарды салыстыруға және қосымша

ақпаратты іздеуге күш салмайды, бұл олардың осындай күш-жігердің шығындары мен пайдасы туралы үміттеріне негізделген толық ұтымды шешім болуы мүмкін. Егер бөлшек саудагерлер тұтынушылар тобын ажырата алмаса, тәжірибесіз тұтынушылар бағаның төмендеуі мен өнім сапасының жоғарылауынан пайда көреді. Сондықтан оң сыртқы әсерлер болуы мүмкін .

Көптеген эмпирикалық зерттеулер бөлшек сауда нарықтарының бәсекелестік сипатына қатысты алаңдаушылық тудырады және тұтынушылардың жеткіліксіз қатысуы мен бөлшек сауда нарығының жоғары шоғырлануымен байланысты проблемаларды анықтайды.

Тәжірибелі және тәжірибесіз тұтынушылардың үлесі бағаның өзгеруіне монотонды емес әсер етеді (Марк Армстронг). Егер барлық тұтынушылар ақылды болса, барлық бөлшек саудагерлер бірдей төмен бағаны тағайындайды және бағаның таралуы болмайды. Тұтынушылардың аралас түрлерінде бағаның өзгеруі байқалады, өйткені бөлшек саудагерлер аралас баға стратегиясын қолданады. Бұл жағдайда тәжірибелі тұтынушылар тәжірибесіз тұтынушыларға қарағанда аз төлейді. Екінші жағынан, егер барлық тұтынушылар тәжірибесіз болса, бөлшек саудагерлер бірдей монополиялық бағаны белгілейді және бағаның таралуы қайтадан жоғалады [11].

Ұлыбританияда ХХ ғасырдың 80-ші жылдары сондай-ақ электр энергетикасы туралы жаңа заңның қабылдануы салдарынан экономиканың энергетикалық секторы саласындағы жекешелендіру процестерімен ерекшеленді. Заң жеке энергия өндіруші (өндіруші) компаниялар нарығына еркін қол жетімділікті ашты [12].

1990 жылдың сәуір айында электроэнергетикалық пул құрылды. Электр энергиясын өндіруші ұйымдар өндірілген энергияны сатты, ал электр энергиясын жеткізушілер энергияны пулда сатып алып оны бәсекеге қабілетті негізде бөлшек сауда нарығында соңғы тұтынушыларға сатты. 2001 жылы Англия мен Уэльсте электр энергиясын сатудың жаңа тәртібі енгізілді және 2005 жылы оған Шотландия қосылды. Электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдар арасындағы бәсекелестік тұтынушыларға жеткізушіні таңдауға мүмкіндік берді, ал бұрын олар электр энергиясын тек бір аумақтық энергетикалық компаниядан сатып ала алатын еді. 1990 жылғы жағдай бойынша Англия мен Уэльсте тек үш энергия өндіруші жұмыс істеді – «National Power», «Powergen» және «Nuclear Electric»; олар өндіретін қуат бүкіл генерацияның 90% - ын құраса, жүргізілген реформалар нәтижесінде 2001 ж. осы компаниялардың үлесі 49% - ға дейін төмендеді [13].

Осылайша, қарастырылып отырған мемлекеттердегі әрбір тұтынушының кез-келген уақытта жаңа жеткізушіні таңдауға нақты мүмкіндігі бар, және бұл ең белсенді қолданушылар «тұрмыстық емес абоненттер» деп аталатын компаниялар. Сонымен, 2005 жылы Ұлыбритания, Норвегия, Швеция, Финляндия және Даниядағы ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың 50-ден астам пайызы электр энергиясын жеткізушіні ауыстырды [14].

Зерттеу әдістері

Магистрлік жобаны жазу кезінде зерттеудің әртүрлі әдістері қолданылды – бұл теориялық және эмпирикалық әдістер, ҚР қолданыстағы заңнамасының контент-талдауы, салыстырмалы талдау әдісі және зерттеудің басқа да әдістері.

Әдеби шолу жүргізу және халықаралық тәжірибені зерделеу кезінде бәсекелестіктің түсінігі, халықтың өмір сүру сапасы, тиімді мемлекеттік басқару саласындағы зерттеушілердің ғылыми еңбектерін зерттеуде теориялық әдіс қолданылды.

Халықаралық тәжірибе бойынша әлем мемлекеттеріндегі юрисдикциялардағы жағдай бойынша бөлшек саудадағы баға қалыптасуы бойынша 3 топқа топтастырылып, салыстырмалы талдау жасалынды. 3 топ келесідей: бәсекелестік нәтижесіндегі нарықтық баға, мемлекеттік реттеу және бәсекелестік бар аралас және баға мемлекетпен реттелінген белгілері бойынша анықталды.

Осы халықаралық тәжірибелердің синтезі жүргізілді, соның нәтижесінде негізгі ерекшеліктер анықталды.

Жарияланымдар, мақалалар, нормативтік-құқықтық актілер сияқты ақпарат көздерімен жұмыс істеу кезінде контент-талдау пайдаланылды. Талдаудың бұл түрі негізгі проблемаларды анықтау үшін таңдап алынды.

Талдау және зерттеу нәтижелері

ҚР электр энергиясы нарығы саласындағы заңнамалары, тәуелсіз зерттеулер мен уәкілетті органда тәжірибеден өту барысында алынған деректер, БАҚ жарияланымдарының мониторингі, сондай-ақ әлем мемлекеттеріндегі юрисдикциялардағы жағдай осы талдауды жүргізудің негізі болып табылады.

Электр энергиясы нарықтарының қалыптасуының тарихи жолын талдай отырып, әдетте монополизмнің жоғары дәрежесі туралы айтқанымыз жөн. 1-кестеде ҚР электр энергиясының нарығының жалпы және өзіндік ерекшеліктері қарастырылған.

1-кесте - ҚР электр энергиясының нарығының жалпы және өзіндік ерекшеліктері [14]

Жалпы ерекшеліктері	Өзіндік ерекшеліктері
1	2
Масштабтың әсерінің пайдасы	Қамтамасыз ету функциясы (электр энергиясының берілуден өнеркәсіп салалары мен үй шаруашылықтарының жұмыс істеуі байланысты)
Электр энергетикасы объектілерін салу мен пайдалануға берудегі ірі қаржылық инвестициялар	Электр энергиясын өндірісі мен тұтынуы уақытындағы сәйкестік
Үлкен тұрақты шығындар	Қорларды қалыптастырудың мүмкін еместігі
	Электр энергиясына сұраныстың уақыттағы және кеңістіктегі әркелкілігі
	Ішінде өндірістің барлық кезеңдері шоғырланған электр энергиясының тігінен интеграцияланған заңды тұлғалар түріндегі бірыңғай электр энергиясының жүйесі
<i>Ескертпе – [14] дереккөз негізінде автормен жасалынған</i>	

Жоғарыда сипатталған белгілер саланы табиғи монополия ретінде сипаттайды

және тігінен интеграцияланған құрылымдарды қолдануды негіздейді. Осы ережелерді электр энергиясын өндірудің технологиялық процесі растайды: өндіру (генерациялау), беру, жабдықтау және соңғы тұтынушыларға жеткізу.

Электр энергиясы саласының тігінен біріктірілген құрылым ретінде жұмыс істеуінің тиімсіздігі сұрағы келесі мәселелерге байланысты пайда болды:

1) Технологиялық көрсеткіштер бойынша отандық энергетикалық компаниялар дамыған елдердегі өз әріптестерінен артта қалды;

2) электр энергиясын өндіру, тұтыну және энергия үнемдеу тәртібін тиімділікті арттыруға, ұтымды жоспарлауға ынталандырудың болмауы;

3) елдің жекелеген өңірлерінде электр энергиясын берудегі жүйелі іркілістер;

4) тұтынушылар тарапынан уақтылы төлем тәртібі болмауы, бұл салаға шетел инвестициялар тартуға мүмкіндіктің жоқтығы;

5) нарыққа кіру жаңа, тәуелсіз тұлғалар үшін жабық болды.

Осы себептер 2004 жылдан бастап электр энергиясы нарығын реформалаудың алғышарты болды. Реформаның мәні бүкіл энергия жүйесін табиғи-монополиялық (беру) және бәсекелі секторларды (генерация және өткізу) ажырату болды. Осылайша, саланың жаңа құрылымы өзара оқшауланған монополиялық және бәсекелестік секторы ұсынылды.

Электр энергиясы саласының көтерме және бөлшек сауда нарығының жұмыс істеуінің негізі 2004 жылы қалыптасты және сол кезден бастап үздіксіз жетілдіріліп, дамып келеді деп саналады. Алайда, қазіргі уақытта проблемалық мәселелер әлі де бар, олардың арасында:

1) электр энергиясына нарықтық бағаларды қалыптастыруға сатып алушының қатысу мүмкін еместігі;

2) электр энергиясын жеткізушіні сатып алушының еркін таңдау мүмкіндігінің болмауы;

3) электр энергиясын сатып алу жағдайларының нашарлауы, оның ішінде қосымша нарықтық емес үстемеақылар мен төлемдердің болуы.

Аталған заңнамалық өзгерістерден кейінгі ҚР электр энергиясының реформадан кейінгі нарығы екі деңгейден тұрады: электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтары, олар өз кезегінде табиғи монополиялық салалардың (электр энергиясын беру және жедел-диспетчерлік басқару) үйлесімін білдіреді, оларда бәсекелестік жоқ және бәсекелестік сектор (өндіру және сату) [15].

Электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарығы салыстырмалық сипаттамасы 2-кестеде келтірілген.

2-кесте-электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарының салыстырмалы сипаттамасы [15, 16, 17]

Өлшемі	Көтерме сауда нарығы	Бөлшек сауда нарығы
--------	----------------------	---------------------

1	2	3
Анықтамасы	Көпшілік электр энергиясын жеткізушілердің электр энергиясын сатып алу-сату шарттары негізіндегі сауда алаңы	Электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығында сатып алынған электр энергиясы, сондай-ақ көтерме сауда нарығының қатысушылары болып табылмайтын өндіруші компаниялардың энергиясы сатылатын сауда алаңы
Нормативтік-құқықтық база	Электр энергетикасы туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 Заңы [15]; Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10531 тіркелді [16].	Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10533 тіркелді [17].
Тауар	Электр энергиясы мен қуаты	Электр энергиясы мен қуаты
Субъектілері	<ul style="list-style-type: none"> - Электр энергиясын өндіруші ұйымдар - Электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдар - Ірі тұтынушылар - Кепілдік беруші 	<ul style="list-style-type: none"> - Тұтынушылар - Кепілдік беруші жеткізуші - Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар - Көтерме

2-кестенің жалғасы

1	2	3
Субъектілері	жеткізуші - Бірыңғай сатып алушы - Жүйелік оператор	нарықтың қатысушылары болып табылмайтын электр энергиясы мен қуатын өндірушілер - Желілік ұйымдар - Жедел-диспетчерлік қызметті басқару субъектілері
Келісім-шарт	Сауда жүйесіне қосылу туралы шарт	Электр энергиясын беру бойынша өтеулі қызмет көрсету туралы шарт Энергиямен жабдықтау шарты
Нарықтық қағидалары	Электр энергетикасы туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 Заңына сәйкес еркін кемсітпейтін барлық қатысушылардың көтерме нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі	Баға белгілеудің екі түрі: - халық үшін реттелетін бағалар - тұтынушылардан басқа барлық топтар үшін еркін бағалар
<i>Ескертпе – [15, 16, 17] дереккөздер негізінде автормен жасалынған</i>		

Жалпы ҚР электр энергиясы нарығында мемлекеттік саясатты қалыптастыру, мемлекеттік реттеу, тарифтерді белгілеу сұрақтарына келетін болсақ, электр энергиясы саласы 3 мемлекеттік органмен реттелуге жатады.

ҚР Энергетика министрлігі:

- Мемлекеттік саясат;
- Электростанциялардың тарифтерін;

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі:

- бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу;
- бәсекелестікті дамыту жөніндегі кешенді шараларды әзірлеу;

ҚР Ұлттық экономика министрлігі:

- табиғи монополия субъектілерінің тарифтері және реттелетін қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- лицензия беру;
- бағалық реттеу.

Зерттеу барысында Қазақстандағы электр энергиясын өндіру бойынша электростанциялардың негізгі шикізаты белгісі бойынша барлық электростанциялар біріктіріліп сараланды.

Қазақстандағы электр энергиясын өндіру үлесі 1 суретте берілген.




1 сурет Қазақстанда электр энергиясын өндіру бойынша электростанциялардың үлесі

Ескертпе: [18] негізінде автормен жасалынған

Суретте көрсетілгендей, Қазақстандағы өндіруші электрстанциялардың басым көпшілігі көмір электростанциялары болып келеді. Жалпы әлемнің жетекші мемлекеттері қазіргі таңда «жасыл» энергиямен қамтамасыз ету сұрақтарына көп назар аударуда. Осы ретте елімізде де электр энергиясының өндірудегі көмір негізінде электр энергиясын генерациялайтын электростанциялардың санын мейлінше азайту сұрақтары да алдыңғы орынға көтерілуде. Күн тәртібінде заңартылатын энергия көздері негізіндегі электр энергиясын генерациялайтын ұйымдардың санын көбейту тұр.

Келесі кезекте электр энергиясының бөлшек нарығындағы электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдардың саны бойынша талдама жасалынды. ҚР бөлшек сауда нарығындағы электр энергиясымен жабдықтау ұйымдары бойынша ақпарат 2 суретте берілген.

Электр энергиясымен жабдықтау ұйымдары




2 сурет ҚР бөлшек сауда нарығындағы электр энергиясымен жабдықтау ұйымдары.

Ескертпе: [19] негізінде автормен жасалынған

Зерттеу нәтижесінде электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдарға электр энергиясы саласында өз қызметтерін жүзеге асыруға жалпы 328 лицензия берілген болса, соның тек 114 ұйымы ғана бөлшек электр энергиясы нарығында қызмет көрсететіні анықталды. Бұл электр энергиясының бөлшек нарығындағы бәсекелестіктің шын мәнінде берілген лицензиялардың санынан алшақтығын көрсетті.

Жалпы ҚР электр энергиясы нарығының қазіргі жағдайындағы тұтыну сұрағына келсек, 2021 жылдың қаңтар - желтоқсан айында 2020 жылдың ұқсас мерзімімен салыстырғанда, Қазақстан Республикасында облыстар бойынша электр энергиясын тұтыну орта есеппен 6 % өскендігі байқалады [18].

ҚР бойынша электр энергиясын тұтынудың салыстырмалы талдамасы 3 суретте берілді.



3 сурет - ҚР облыстар бойынша электр энергиясын тұтыну

Ескертпе: [18] дереккөз негізінде автормен жасалынған

Сонымен қатар [18] негізінде электр энергиясын тұтынудың 2020ж-2021ж салыстырмалы кестесі ұсынылды.

3-кесте - ҚР облыстар бойынша электр энергиясын тұтыну

№	Атауы	Қаңтар-желтоқсан 2020ж	Қаңтар-желтоқсан 2021ж	Δ, млн. кВтс	Δ, %
X	1	2	3	4	5
	Қазақстан	107 344,8	113 890,28	6 545,48	6%
1	Шығыс Қазақстан	9 204,8	9 636,86	432,06	5%
2	Қарағанды	18 461	19 001,58	540,58	3%
3	Ақмола	9 196,6	10 304,97	1 108,37	12%
4	Солтүстік Қазақстан	1 665,2	1 729,56	64,36	4%
5	Қостанай	4 615,8	4 809,73	193,93	4%
6	Павлодар	20 731,4	21 482,31	750,91	4%
7	Атырау	6 255,6	6 673,33	417,73	7%
8	Манғыстау	5 023,1	5 267,39	244,29	5%
9	Ақтөбе	6 647,5	6 888,89	241,39	4%

3 кестенің жалғасы

Х	1	2	3	4	5
10	Батыс Қазақстан	2 256,6	2607,52	350,92	16%
11	Алматы	11 367,8	12452,86	1085,06	10%
12	Түркістан	5 211,2	5759,94	548,74	11%
13	Жамбыл	4 948,3	5321,86	373,56	8%
14	Қызылорда	1 760,1	1953,488	193,39	11%

Ескертпе – [18] дереккөз негізінде

Жоғарыда көрсетілген негізде елімізде электр энергиясын тұтыну жылдан-жылға өсіп келе жатқаны туралы тұжырым жасауға болады.

Зерттеу барысында еліміздің облыстары бойынша электр энергиясының бөлшек нарығындағы электр энергиясына баға қалыптастыру тарифтерінде қарастырылды.


4-кесте - ҚР облыстар бойынша электр энергиясының бөлшек нарығындағы электр энергиясына баға қалыптастыру тарифтері

Тұтынушылардың тарифі тг. кВт/с						Тұтыну көлемі бойынша - 300 кВт/сағ.		
Аймақ	Орташа өткізу тарифі	Жеке тұлғалар	Заңды тұлғалар	Мем. Мекелер	Теңест. және орташа өткізу тарифі арасындағы айырмашылық (1 кВт/с. -тг)	Теңест. тариф бойынша орташа чек	Орташа өткізу тарифі бойынша орташа чек	Теңест. және орташа өткізу тарифі арасындағы абсолют. мағынадағы айырмашылық
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Атырау	16,59	4,73	20,64	22,66	11,86	1 419	4 977	3 558
Ақтобе	16,47	8,75	20,47	21,89	7,72	2 625	4 941	2 316
Талдықорған	19,91	14,05	23,25	30,81	5,86	4 215	5 973	1 758
Түркістан	20,4	14,55	27,17	27,82	5,85	4 365	6 012	1 755

4 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Балхаш	19,22	13,59	19,81	27,86	5,63	4 077	5 766	1 689
БҚО	17,52	11,91	20,55	39,04	5,61	3 573	5 256	1 683
Қарағанды	15,62	10,02	18,25	36,42	5,6	3 006	4 686	1 680
Қостанай	20,88	15,33	26,545	31,875	5,55	4 599	6 264	1 665
Ақмола обл.	20,19	14,82	22,96	41,41	5,37	4 446	6 057	1 611
Степногорск	15,93	11,55	18,22	23,96	4,38	3 465	4 779	1 314
Көкшетау	18,8	14,57	21,58	21,58	4,23	4 371	5 640	1 269
Тараз	17,16	13,01	20,34	29,88	4,15	3 903	5 148	1 245
Павлодар	14,05	9,93	16,04	21,65	4,12	2 979	4 215	1 236
СҚО	15,35	11,55	17,01	18,93	3,8	3 465	4 605	1 140
Нұр-Сұлтан	15,1	11,93	18,6	18,6	3,17	3 579	4 530	951
Шахтинск, Абай	17,67	14,81	24,54	30,87	2,86	4 443	5 301	858
Жезқазған, Сатпаев	16,47	13,8	17,26	29,64	2,67	4 140	4 914	801
ШҚО	13,012	10,4	14,876	16,703	2,612	3 012	3 904	784
Қызылорда	16,86	14,91	16,86	28,07	1,95	4 473	5 058	585
Алматы	18,47	17,12	18,47	25,93	1,35	5 136	5 541	405
Ақтау		15,96	16,25	16,25	0,29	4 788		
<i>Ескертпе – [18] дереккөзі негізінде</i>								

ҚР жекелеген аймақтары бойынша ең қымбат орташа өткізу тарифі Қостанайда - 20,88 тг., ең арзаны ШҚО-да -13 тг., теңестірілген тариф бойынша чектегі алшақтық 1400 теңгеден 5000 теңгеге дейін., орташа өткізу тарифі бойынша айына 4000 теңгеден 6000 теңгеге дейін болып табылады. Сондықтан осы алшақтықты жоюға ұмтылғанымыз абзал. Осы мақсатта ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі 2022 жылы еліміздің Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарында және Алматы қалаларында пилоттық тәртіпте теңестірілген тарифтерді жою бойынша жоба іске асыралады деп күтілуде. Жобаның мақсаты бөлшек нарықтағы электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдар арасында бәсекелестікті арттыру болып табылады.



4 сурет. Орталықтандырылған сауда-сатудағы 2015-2020 жж. аралығындағы сатылған электр энергиясының динамикасы

*Ескертпе: [19] талдауы негізінде
автормен жасалынған*

«Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ 2000 жылы электр энергиясының ұйымдасқан саудасының ашық механизмін құру мақсатында нарықтық оператор ретінде құрылды. Орталықтандырылған сауда-саттықты өткізуге айрықша құқығы бар. 2020 жылы сауда-саттық көлемі 1% - дан кем (көрсетілген кезеңге дейін қатысуды «Самұрық-Энерго» АҚ қамтамасыз етті). Электр энергиясын өндіруші ұйымдар электр энергиясының 10% дейін еркін баға бойынша спот-сауда-сатуда сатуға құқылы.

2015 жылғы 25 қыркүйекте БҰҰ - ға мүше мемлекеттер 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму Күн тәртібін қабылдағаны белгілі. Онда кедейлік жоюға, планетаның ресурстарын сақтау және әл-ауқатты қамтамасыз ету бағытталған бірқатар мақсаттар бар. Электр энергетикасы саласына қатысты тікелей «Баршаны арзан, сенімді, тұрақты және қазіргі заманғы энергия көздеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету» № 7 мақсаты арналған [20].

Мақсатқа негізделген міндеттер айқын:

- 1) барлық тұтынушыларды сенімді және үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету;
- 2) елдің электр желілік кешені мен әлемдік энергия жүйесінің орнықты дамуы;
- 3) электр энергиясына тарифтердің өсуін тежеу;
- 4) энергия үнемдеуді ескере отырып, инновациялық тәсіл және электр энергиясының балама көздерін іздеу.

Бәсекелестік артықшылықтарды енгізу контексінде тұрақты даму мәселесін қарастыра отырып, қазіргі уақытта электр энергиясының көтерме нарығындағы және электр энергиясының бөлшек сауда нарығында нақты бәсекелестік жоқ екендігін айтуға болады.

Электр энергиясы нарығы саласындағы негізгі міндет салауатты бәсекелестік ортаны қамтамасыз ету. Қазіргі таңда электр энергиясы саласында реформалау өте белсенді жүргізілуде. Оның жарқын көрінісі - электроэнергия нарығындағы бәсекелестік ортаны одан әрі дамытудың негізгі міндеттері айқындалған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба болып табылады [21]

Зерттеуде жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (Global Competitiveness Index, GCI) ұсынылған. Қазіргі уақытта елдердің бәсекеге қабілеттілігін жалпылама бағалаудың негізгі құралы Дүниежүзілік экономикалық форум үшін Колумбия университетінің профессоры Ксавье Сала-и-Мартин (Xavier Sala-i-Martin) жасаған және алғаш рет 2004 жылы жарияланған Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі болып табылады.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі экономикалық дамудың әртүрлі деңгейлеріндегі әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігін егжей-тегжейлі сипаттайтын 113 айнымалыдан тұрады. Айнымалылардың үштен екісі компания басшыларының жаһандық сауалнамасының нәтижелерінен (зерттелетін елдердегі бизнес-ахуалға әсер ететін факторлардың кең ауқымын қамту үшін), ал үштен бірі жалпыға қолжетімді көздерден (статистикалық деректер және халықаралық ұйымдар тұрақты негізде жүзеге асыратын зерттеулердің нәтижелері) тұрады. Барлық айнымалылар ұлттық бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын 12 бақылау көрсеткіштеріне біріктірілген:

Институттардың сапасы.

Инфрақұрылым.

Макроэкономикалық тұрақтылық.

Денсаулық және бастауыш білім.

Жоғары білім және кәсіби дайындық.

Тауарлар мен қызметтер нарығының тиімділігі.

Еңбек нарығының тиімділігі.

Қаржы нарығының дамуы.

Технологиялық даму деңгейі.

Ішкі нарықтың көлемі.

Компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі.

Инновациялық әлеует.

Дәл осы айнымалыларды таңдау теориялық және эмпирикалық зерттеулермен анықталады және бірде-бір фактор экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алмайды. Мәселен, білім беруге жұмсалатын шығыстардың ұлғаюының әсері жұмыс күші нарығының тиімсіздігі, институционалдық


құрылымның өзге де кемшіліктері және соның салдарынан оқу орындары түлектерінің тиісті түрде жұмысқа орналасу мүмкіндігінің болмауы себебінен төмендеуі мүмкін.

Макроэкономикалық ортаны жақсарту, мысалы, мемлекеттік қаржыны бақылауды оңтайландыру әрекеттері қаржыны басқару жүйесінің тиісті ашықтығы, сыбайлас жемқорлық пен ауқымды бұзушылықтардың болмауы жағдайында ғана сәтті болады. Кәсіпкерлер әлеуетті пайда қажетті инвестициялардан асып кеткен жағдайда ғана жаңа технологияларды енгізетін болады.

Осылайша, Дүниежүзілік экономикалық форумның қорытындыларына сәйкес, жан-жақты саясат жүргізе алатын, факторлардың барлық спектрін және олардың арасындағы өзара байланысты ескере алатын елдердің экономикалары неғұрлым бәсекеге қабілетті болып табылады.

Сарапшылар индексті құрастыру кезінде әлемнің әртүрлі елдерінің экономикалары өз дамуының әртүрлі кезеңдерінде екенін назарға алады. Елдің бәсекеге қабілеттілігінің өсуінің жекелеген факторларының маңызы бастапқы жағдайлармен немесе мемлекеттің даму призмасы арқылы басқа елдерге қатысты орналасуына мүмкіндік беретін институционалдық және құрылымдық сипаттамалармен байланысты. Зерттеушілер индексті есептеу әдістемесін үнемі жетілдіріп отырады, сондықтан ол үнемі өзгеріп отыратын жаһандық ортада бәсекеге қабілеттілік деңгейін өлшеу үшін тиісті құрал болып қала береді.

2020 жылғы желтоқсанда Дүниежүзілік экономикалық форум «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы баяндама, 2020 арнайы шығарылымы: елдер сауығу жолында қалай ілгерілеуде» (Global Competitiveness Report Special Edition 2020: how Countries are Performing on the road to Recovery) атты арнайы басылымын шығарды, онда әлем елдерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша жиынтық рейтингі 2020 жылы бәсекеге қабілеттілік ұсынылмайды.



5 сурет. ҚР 2017-2019 жж. аралығындағы Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіндегі алған орынының динамикасы [22]

ҚР әлем елдерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша жиынтық рейтингіде 2017 жылға қарағанда, өз орнын 3 сатыға жақсартқаны байқалады.

Қазақстандағы электр энергиясының нарығының қазіргі жағдайын зерделей келе, келесідей мәселелердің барлығы жөнінде тұжырымдама жасауға болады:

- нарықтағы шоғырланудың жоғары деңгейі;
- бағаны реттеу құралдары;
- негізгі қуаттарға қол жеткізудегі кедергілер;
- көтерме сауда нарығында шарттар жасасу кезіндегі мөлдір емес келісім-шарттар;
- тігінен интеграцияланған ұйымдардың айтарлықтай үлесі;
- тарифтерді әлеуметтік теңестірудегі атаулылық еместігі;
- жеткізушіні таңдау үшін салыстырмалы алаңдардың болмауы.

Қолданыстағы заңнаманы талдау барысында, «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңының 3-бабында, электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаты тұтынушыларға электр және жылу энергиясын жеткізушілерді таңдау құқығына кепілдік беретін нарықта бәсекелестік жағдайлар жасау арқылы энергия тұтынушылардың сұранысын барынша қанағаттандыру және электр және жылу энергиясы нарығына қатысушылардың құқықтарын қорғау болып айқындалған, сонымен қатар бәсекелестікті дамыту негізінде электр энергетикалық кешенді дамыту; тұтынушылардың энергия жеткізушісін таңдау құқығы, алайда көрсетілген мақсаттар мен міндеттер анықталған [15]. Дей тұрғанмен тұтынушылардың энергия жеткізушісін таңдау құқығы заң нормасында наұтыланғанымен, бүгінгі таңда жүзеге асырылмай отырғанын мойындағанымыз жөн.

Халықаралық зерттеулер мен қол жетімді шетелдік әдебиеттерге шолу жасау барысында шетелдік тәжірибедегі электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы бәсекелестік зерттелді.

Энергетика саласындағы реформалар бойынша басқа мемлекеттерде де орын алды. Қысқаша 5-кестеде қарастырылған қолданыстағы ұйымдастырушылық модельдердің сипаттамасы көрсетілген.

5-кесте - электр энергиясы саласындағы ұйымдастырушылық модельдер

Ұйымдастырушылық модель	Сипаттамасы
1	2
Таза монополия	Бір компания соңғы тұтынушыға электр энергиясын жеткізудің барлық технологиялық тізбегіне: өндіруге, беруге және таратуға, өткізуге монополияға ие.
Көтерме сауда нарығындағы бәсекелестік	Таратушы компаниялар өндірушілерден энергия сатып алады, электр энергиясын жеткізудің кейбір аумақтарын монополиялайды. Бірақ сонымен бірге кейбір тұтынушылар электр энергиясын өндірушілерден тікелей сатып ала алады. Өндірушілер арасында бәсекелестік бар.
Бір сатып алушы	Бір сатып алушы электр энергиясын өндірушілерден электр энергиясын сатып алады. Нәтижесінде өндіруші ұйымдар арасында бәсекелестік туындайды, бір сатып алушы соңғы тұтынушыға дейін жеткізу және бөлу бойынша монополист болып қалады
Бөлшек сауда нарықтарындағы бәсекелестік	Барлық тұтынушыларға электр энергиясын беруді және таратуды қамтамасыз ететін кез-келген ұйымды таңдау мүмкіндігі бар.
<i>Ескертпе – автормен жасалынған</i>	

1980 жылдардың басынан бастап іс жүзінде барлық дамыған елдер, соның ішінде АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Германия және басқалары электр энергиясы

мен қуаты нарығын мемлекеттік реттеуден энергетикалық өнімге бәсекеге қабілетті баға белгілеуге біртіндеп көшуге кірісті [23].

Дамыған елдерде ырықтандыру 2011 жылдың басында ғана аяқталды және бәсекелестік нарық жағдайында энергетикалық жүйелерді басқару тетіктері пысықталды [24].

Қазіргі уақытта жалпы бірқатар елдерде электр энергиясы нарықтар салыстырмалы түрде сәтті жұмыс істеуде. Еуропада электр энергиясының бәсекелестік нарығы алғашқылардың бірі болып 1990 жылы Англия мен Уэльсте, 1991 жылы Норвегияда, Швеция, Финляндияда құрылды. Австралияда Виктория және Жаңа Оңтүстік Уэльс штаттарындағы электр энергиясының нарықтарының жұмыс істеуі 1994 жылы басталды, ал электр энергиясының ұлттық нарығы 1998 жылы ырықтандырылды. Жаңа Зеландияда бұл процесс шамамен бір уақытта болды, бірақ осы жерде нарықты ресми түрде құру 1996 жылға тура келді. [25, 26]

Солтүстік Америкада АҚШ-тың солтүстік-шығыс штаттарының бірқатар нарықтары (энергетикалық рjт пул) өз жұмысын 1990-шы жылдардың соңында бастады. Калифорнияда электр энергиясы нарығы 1998 жылы қалыптасты. АҚШ-тың Техас штатында және Канадада 2001 жылы еркін сауда нарықтары құрылды [27].

Бәсекелес нарықтар құру ісіндегі әлемдік тәжірибе 15-20 жылдан аспайды. Түйіндей келгенде тәжірибеден алынған нәтижелер белгісіз. Бұны әртүрлі мемлекеттердің экономикасының құрылымының айырмашылықтарымен, әлеуметтік-экономикалық дамуымен және мәдени деңгейімен байланыстыруға болады. Еуропалық электр энергетикасын реформалаудың басынан бастап Батыстың электр энергетикалық нарықтарын ұйымдастыру нысандары әртүрлі болды.

Түрлі дереккөздерді талдау электр энергиясы нарығындағы ырықтандыру процесі экономикалық тиімділікті арттыру қажеттілігімен байланысты екенін көрсетті. Еуропалық энергетиканың дамуындағы маңызды сәт 1996 жылғы 19 желтоқсандағы электр энергиясының ішкі нарығының жұмыс істеуінің жалпы ережелері туралы Еуропалық Одақтың директивасы болды, ол бүкіл даму тәжірибесін жинақтап, даму үшін тиісті жағдайларды жариялады [23].

Еуропалық Одаққа мүше барлық елдер үшін директиваны іске асыру бәсекелес ұйымдардың едәуір саны бір мезетте өндіруші ұйымдар мен электр энергиясын жеткізушілер үшін электр энергиясын тарату желісіне тең қол жеткізуді қамтамасыз ету шартымен, электр энергиясының нарығын ырықтандырумен, нарыққа еркін кіру және одан шығу мүмкіндігі, сондай-ақ соңғы тұтынушы үшін - электр энергиясын жеткізушіні таңдау немесе ауыстыру мүмкіндіктерімен айқындалады. Сонымен қатар, стратегия бәсекелестіктің қолайлы әсеріне, әсіресе шығындар мен тарифтерді төмендетуге, энергия өндірісінің тиімділігі мен ірі инвестицияларды арттыруға бағытталған.

Еуропалық Одақ директивасының пайда болуының негізгі алғышарттары және

сонымен бірге жүзеге асыру бағыттары:

- жалпы Еуропалық нарықтық кеңістіктің барынша еркіндігін қамтамасыз ету;
- тауарлардың, адамдардың, қызметтер мен қорлардың қозғалысы;
- экологиялық талаптарға барынша көңіл бөле отырып, Еуропалық Одақтың жалпы экономикасының электр энергиясымен қамтамасыз етудің тиімділігі мен сенімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Еуропалық Одақтың бірыңғай ішкі электр энергиясы нарығын біртіндеп құру және жетілдіру;
- Еуропалық Одақтың мүшелерінің нарықтарындағы айырмашылықтарды барынша ескере отырып икемді және ұйымдасқан түрде жаңа бәсекелес ортаға бейімделу;
- ұлттық электр энергиясы жүйелері;
- құрылған электр энергиясының ішкі нарықтарының жүйелердің бірігуіне және қатар жұмыс істеуіне барынша ықпал етуін қамтамасыз ету қажеттілігі;
- тұтынушылар алдындағы міндеттемелерін сақтай отырып, бәсекелестік жағдайында электр энергетикалық компаниялардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- ұлттық жүйелерді реформалау әдістерінде таңдау еркіндігін қамтамасыз ету.

Бөлшек саудадағы бәсекелестіктің мақсаты – заңды тұлғалар үшін нарыққа кірудің кедергілерін төмендетілген және тұтынушылар үшін бір қызмет көрсетушіден екінші қызмет көрсетушіге ауысу кедергілерін азайтылған нарық құру, бұл бәсекеге қабілетті бағалар мен қызметтердің жақсаруына әкелуі керек. Алайда, бәсекеге қабілетті бөлшек сауда нарығының бұл артықшылықтары тұтынушылар арасында біркелкі бөлінбеуі мүмкін. Реттеуші органдар бөлшек саудадағы бәсекелестіктің барлық тұтынушыларға қаншалықты пайда әкелетініне сенімді болмауы мүмкін және тұтынушыларды қорғау шарасы ретінде бағаны реттеудің қандай да бір нысанын енгізе алады. Бұл барлық бөлшек сауда ұсыныстарына немесе реттелетін ұйым ұсынатын «сыртқы нұсқаға» бағаны шектеу нысанын қабылдағанына қарамастан, тұтынушылар үшін нарықтық бағаларға балама ретінде қол жетімді, бағаны реттеудің болуы нарықтың табиғатын түбегейлі өзгертеді.

Қарастырылатын юрисдикциялардағы баға механизмін қалай жіктейтініміз көрсетілген: кейбір юрисдикцияларда нарықтық бағаларды (бөлшек сауда бағаларын реттемей) барлық сатып алушылар төлейді; басқа нарықтарда бөлшек сауда бағаларын реттеуші органдар реттейді; аралық деп жіктейтін екі электр энергиясының бөлшек сауда нарығы бар (Италия, өйткені ол бағаны реттеуден біртіндеп бас тарту процесінде және Нидерланды, өйткені бағалар тым жоғары деп саналса реттелуі мүмкін).

Зерттеу барысында әлем мемлекеттеріндегі юрисдикциялардағы жағдай бойынша бөлшек саудадағы баға қалыптасуы бойынша 3 топқа топтастырылып, салыстырмалы талдау жасалынды. 3 топ келесідей белгілер бойынша анықталды:

нарықтық баға, мемлекеттік реттеу және бәсекелестік бар аралас және баға мемлекетпен реттелінген.

Нарықтық баға:

* Австралияда бөлшек саудада бәсекелестікке ашық және баға реттеу жоқ төрт юрисдикция бар - Виктория, Жаңа Оңтүстік Уэльс, Оңтүстік-Шығыс Квинсленд және Оңтүстік Австралия.

* Германия халықтың әлеуметтік осал тобына жататын тұтынушылар үшін ерекше қорғаныс шараларын ұсынады. Осы клиенттер ресми электр энергиясын беруден ажыратылудан аз қорғалған, бірақ олар электр энергиясын беруден ажыратудан қорғайтын сот жүйесіне сене алады.

* Ұлыбритания көбінесе бәсекеге қабілетті бөлшек сауда нарығы ретінде қарастырылады. Бөлшек нарықтағы қатысушылар, бөлшек сауда нарығының салыстырмалы түрде төмен үлесі және жоғары ауысу жылдамдығына қарамастан мемлекет көптеген жылдардағы нарықтық бағаларға сүйене отырып бағаны реттеуді қайта енгізбек.

* Соңғы жылдары Жаңа Зеландияда бәсекеге қабілеттілік арттыру мақсатында бірқатар реформалар жүргізілді. Мысалы, бірнеше жыл бойы олар мультимедиялық жарнамалық науқан жүргізді, тұтынушыларға бөлшек сауда және ауысу нұсқалары туралы ақпарат берілді.

* Техас-АҚШ-тағы бағалық реттеу жоқ жалғыз нарық. Техас көптеген бөлшек сауда орындары мен тұтынушылардың ауысу жылдамдығы жоғары бәсекеге қабілетті қала саналады.

Аралас нысанда

* Италия зияткерлік есептегіштерді жалпы жүйелік енгізу саласында әлемдік көшбасшы болды. Енгізу зияткерлік есептегіштер бар клиенттер үшін қосымша кепілдіктерді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Берешек орын алған тұтынушыларды бірден ажыратудың орнына, оларға ең аз мөлшерде электроэнергия беріледі және олар толығымен өшірілгенге дейін екі апта бойы техникалық қызмет көрсету жүргізіледі.

* Нидерландыда жасырын реттеу нысаны бар реттеуші орган бөлшек саудагерлер ұсынатын бағаны тарифтен шектен тыс екендігін тексере алады.

Бағаның реттелетін нысаны

* Франция тұтынушыларға белгіленген және уақыт бойынша өзгертін әдепкі тарифті таңдауға мүмкіндік береді (баға реттеледі). Тұтынушылардың басым көпшілігі осындай тарифтерді пайдаланады.

* Иллинойс тұтынушыларды таңдауды біріктіруге мүмкіндік береді, муниципалитеттер жүйесі өз тұрғындарының атынан электр энергиясын сатып алу туралы уағдаласады. Бөлшек саудамен қатар және реттелетін тарифтер қолданылады.

* Нью-Йорк штаты бөлшек саудагерлерге табысы төмен клиенттерге тарифтік жоспарды ұсынуға мүмкіндік береді, егер олар ұсыныс әдепкі бойынша реттелетін

тарифтен асып түсетінін көрсете алады. Олар қазіргі уақытта бөлшек саудадағы бәсекелестікті тексеру жүргізілуде және біз оны тарату мүмкіндігін қарастырады. Барлық тұтынушыларға тиімді бөлшек сауда ұсыныстары туралы ережелер.

* Пенсильванияда энергияны сатып алудың әдепкі тарифі бойынша саясаты бар АҚШ-тың шығыс Штаттарының көпшілігінде қолданылады. Компания ауыстыру шығындарын азайтуға бағытталған саясатты енгізді.

Германияда, Жаңа Зеландияда, Техаста бөлшек сауда бағаларының деңгейі мен құрылымы нарықта анықталған және бөлшек сауда бағалары реттелмейді. Бұл юрисдикциялар бағаны төмендету және тұтынушыларға қажет инновациялық қызметтерді құру үшін бөлшек нарықтағы сатушылардың сатып алушылар үшін бәсекелестік процесіне сүйенеді. Нидерландыда бағалар негізінен нарықта анықталады, бірақ реттеуші орган ұсынылған бағаларды шамадан тыс деп санаса, оларды шектеуге құқылы.

Ұлыбританияда реттеуші орган көптеген жылдар бойы нарықтық бағаларға сүйенсе де, ол шектеулі (және уақытша) бағаны реттеуді қайта енгізді. Әдеттегідей, Ұлыбритания несие немесе төлем қиындықтары бар клиенттерге ұсыну үшін алдын-ала төленген есептегіштерге сүйенді. 2017 жылғы сәуірде реттеуші алдын ала төлем есептеуіштерінің тарифтеріне бағаны уақытша шектеуді белгілеген «қорғаныс тарифін» енгізді. Бұл шектеу 2018 жылы басқа әлеуметтік жағдайы төмен клиенттерге таратылды. 2018 жылдың наурызында Ұлыбритания үкіметі барлық клиенттерге әдепкі тариф бойынша шекті бағаны тарату туралы заңнамалық ұсыныс жасады [28].

Энергия төлемі, жеткізушіні ауыстыру мәселелері, электр энергиясын беру режимі және т.б. бойынша тұтынушылардың шағымдарын қарау үшін Ұлыбританияда тәуелсіз төреші – Energy Ombudsman бар. Энергетикалық омбудсменнің шешімдері энергиямен жабдықтаушы компаниялар үшін міндетті болып табылады, бірақ оның тұтынушыға келтірілген залалды өтеу туралы шешімі сот шешімімен расталуға тиіс [14].

Францияда, Иллинойс, Италия, Нью-Йорк және Пенсильванияда клиенттердің көпшілігі бөлшек сауда нарығынан тыс жерде анықталған тарифтерді пайдаланады. Бұл юрисдикцияларда әдепкі тариф клиенттер белсенді түрде таңдай алатын арзан опцияға, сондай-ақ бөлшек сатушыны ешқашан таңдамаған клиенттерге арналған.

Франция мен Италияда қызметтің әдепкі бағасын тікелей реттеуші белгілейді. 2016 жылы Франциядағы тұрғын үй жүктемесінің тоқсан пайызға жуығы және итальяндық клиенттердің 60 пайыздан астамы әдепкі тарифке ие болды. Италияда бағаны реттеу 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап тоқтатылды.

1927 жылы, алғашқы көтерме базарлардың бірі АҚШ-та электр энергиясы құрылды, ол «Pjm нарығы» (Pennsylvania-NewJersey-Maryland) деп аталатын Пенсильвания, Нью-Джерси, Мэриленд Штаттарындағы электр энергетикалық компаниялардың таратушы электр желілерінің бірлестіктері кейіннен оларға Делавэр, Вирджиния және Огайо қосылды. Қазіргі уақытта PJM әртүрлі типтегі

және қуаттылықтағы 600-ден астам электр станцияларын және 115-тен 500 кВ-қа дейінгі 13 мың мильден астам жоғары вольтты электр желілерін басқарады [29]. Иллинойс, Нью-Йорк және Пенсильванияда дистрибуторлық желілік компаниялар тұтынушыларға өтпе жол ретінде көтерме ақы төлеу арқылы әдепкі қызметтерді ұсынады. Желілік компаниялардың электр энергиясын сатып алу тәртібін реттейтін ережелер және әдепкі тариф құрылымы бар. Осы сатып алу ережелерінің құрылымы мынадай, реттелетін бөлшек тарифті өндіруге жұмсалатын шығындардың құрамдас бөлігі (көтерме) нарықта тиімді белгіленеді. Бұл АҚШ-тағы тұрғын үй бөлшек сауда саласында бәсекелестік ұсынатын ортақ қасиет. Әдепкі тарифтер толық бәсекелестік жолында уақытша саясат ретінде ойластырылғанына қарамастан, олар Техасты қоспағанда, АҚШ нарықтарының тұрақты белгісі ретінде пайда болды.

Иллинойс штатында қызмет көрсетушіні ешқашан таңдамаған немесе бас тартқан тұтынушыларға белгіленген баға немесе сағаттық тарифпен қызмет беріледі. Осындай тұтынушылар үшін 2007 жылы Иллинойс энергетикалық агенттігі («IPA») тәуелсіз агенттігі құрылған [30].

Нью-Йорк штатының мемлекеттік қызмет жөніндегі комиссиясы («NYPSC») Нью-Йорктің Электр энергетикасы секторын реформалауды қайта құрылымдау жөніндегі мемлекеттік заң шығарудан бастады. NYPSC 1996 жылдың мамыр айында электр энергиясы, көтерме және бөлшек сауда нарығының барлық секторларында бәсекелестік құру бойынша Бәсекелестік мүмкіндіктер туралы бұйрық (Competitive Opportunities Case «COC») жариялады. Бұның нәтижесінде көтерме сауда, содан кейін кәсіпорындар нарықтық билікке жол беріп, энергия өндіретін объектілерден бас тартуға мәжбүрледі. Бөлшек электр энергиясы үшін бәсекелестік электр энергиясының ірі тұтынушылары үшін 1997 және тұрмыстық тұтынушылар үшін 1998 жылдан бастап пилоттық бағдарламалардан басталды [31].

Қазіргі уақытта Нью-Йорк бөлшек таңдау тұтынушыларына бөлшек сатушы қызмет көрсетеді. Бөлшек сатушыға тіркелмейтін тұтынушылар қызмет алуды жергілікті дистрибуторлық компанияның белгіленген тарифтерімен жалғастырады. NYPSC бөлшек сауда нарығындағы бәсекелі нарықты реттеу және бақылау үшін жауапты болып табылады және бөлшек саудагерлер мен желілердің дамуындағы прогресті бақылайды [32].

Электр энергиясы туралы деректерге көп жақты қол жеткізу ауыстырып қосу шығындарын төмендетуі және бәсекелестікке ықпал етуі мүмкін. Өлшеу деректері клиентке тиесілі, бірақ оларға қол жеткізуді көбінесе бөлшек сатушы тиімді басқарады. Деректер үшінші тұлғаларға тек тұтынушының өтініші бойынша берілуі мүмкін, бірақ бұл үшін көбінесе кедергілер бар, ал бөлшек сауда компаниясы кез-келген уақытта деректерге оңай қол жеткізе алады. Бұл асимметрия тұтынушы сатушыға бәсекелестік артықшылық беріп, клиенттерді ауыстыру шығындарын арттыруы мүмкін. Клиенттер рұқсат берген үшінші тараптарға қол жетімділікті қамтамасыз ету бәсекелестікті арттыруы мүмкін, өйткені олар жеке пайдалану

туралы ақпарат пен талдау, сондай-ақ шоттар туралы ескертулер сияқты қызметтерді ұсыну үшін бәсекелесуді жеңілдетеді. Сонымен қатар, олар бөлшек саудада бәсекелестікке ықпал ететін басқа қызметтерді ұсына алады, мысалы, клиенттерді автоматты түрде ауыстыру. Ұлыбританияда ең жақсы мәмілелерді анықтайтын және коммутация процесін басқаратын үшінші тарап коммутациялық қызметтері бар. Жаңа Зеландияда клиенттер өз шоттарының суретін смартфон қосымшасына жүктей алады, содан кейін олар жақсы мәміле болған кезде автоматты түрде ауысады. Қазіргі уақытта Жаңа Зеландияда ақылды есептегіштердің мәліметтерін бөлшек сатушыдан басқа бірнеше үй серіктестеріне қалай беруге болатындығы туралы кеңестер жүргізілуде.

Австралия Үкіметінің энергетикалық кеңесі (COAG) 2018 жылдың наурыз айында энергияны тұтыну туралы мәліметтерге үшінші тараптардың қол жетімділігін жеңілдету туралы кеңес беру құжатын жариялады. Қазынашылық сонымен қатар көптеген секторларды, соның ішінде энергетиканы қамтитын тұтынушылар туралы деректердің ұлттық құқығын дамыту үшін жұмыс істейді. Үшінші тараптар үшін деректерге қол жеткізудің кеңеюіне қарай құпиялылық мәселелерін шешу және тұтынушылар үшін сақтық шараларын қабылдау қажет болады.

Ресми баға салыстыру сайттары белсенді маркетингпен толықтырылады. Жаңа Зеландияда барлық юрисдикциялардың ең жоғары жылдық ауысу көрсеткіштері бар. Бұл Жаңа Зеландияның «менің нөмірім қандай» бағаны салыстыру сайтымен, сондай-ақ ҮЕҰ басқаратын ауысу құралымен қатар жүргізілген науқан. 2011 жылы іске қосылған 3,5 жылдық науқанға тұтынушыларға бөлшек сауда мүмкіндіктері мен ауысу процесінің қарапайымдылығы туралы ақпарат беретін мультимедиялық жарнама кірді. Жаңа Зеландияның реттеуші органы табысы төмен тұтынушылар мен халықтың осал топтарын қамту үшін ауыстыру құралын жылжыту мақсатында бюджет бойынша кеңес беру қызметтері және қоғамдық кітапханалар сияқты түрлі қоғамдық топтармен жұмыс жасады. Нидерландыда бәсекелестік комиссиясы 2013 жылы өзінің баға салыстыру веб-сайтымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарында науқан жүргізді. «Егер сіз ұйықтасаңыз, ұтыласыз» деп аталатын науқан ауысудың артықшылықтары туралы хабардар болуға бағытталған. Ұлыбританиядағы бағаларды салыстыру сайттарының жүргізген «энергетикалық келісімді тексеріңіз» зерттеуінде реттеуші сандық агенттікті әлеуметтік желілер арқылы бағаларды салыстыру веб-сайтындағы қызметтері туралы хабардар ету үшін пайдаланды.

5-кесте Халықаралық юрисдикцияларда қолданылатын саясат жинақталған

Саясаты	Сипаттамасы
1	2
Бөлшек саудадағы бәсекелестікті көтермелеу саясаты	* Тұтынушылармен ашық қарым-қатынас

	<ul style="list-style-type: none"> * Ақылды есептегіштер және ақпаратқа қол жеткізу * Бөлшек сауда нарығының мөлшері мен қол жетімділігі * Кіру және өту үшін кедергілерді жою * Ұжымдық келіссөздер
Тұтынушыларды қорғаудың жалпы ережелері	<ul style="list-style-type: none"> * Әдепкі тарифтер мен бағаларды реттеу * Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жалпы кепілдіктері * Шағымдар мен даулар
Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін мақсатты саясат	<ul style="list-style-type: none"> * Төлемдерді қолдау және төлем жоспарлары * Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жеңілдікті төлем жасауды қолдау * Ажыратудан қорғау * Ажыратудың баламасы ретінде алдын-ала төленген есептегіштер
<i>Ескертпе: автормен жасалынған</i>	

Бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттерінің электр энергиясы нарығындағы реформалар жүргізудің көрінісі ретінде, Грузия және Латвияның тәжірибесіне тоқтала кетсек болады. Грузия Еуропалық энергетикалық қауымдастыққа кіруімен Еуропалық Одақтың грузин энергетикалық нарығын ырықтандыруға бағытталған қаулылары мен директиваларынан басталды.


Грузия мемлекеті Үшінші энергетикалық пакет деп аталатын Еуропалық Одақтың энергетикалық нарық туралы заңнамасының негізінде өз заңнамаларын ретке келтірді. Үшінші энергетикалық пакеттің алдыңғы раунды ішкі энергетикалық нарықтың жұмысын жақсартуға және белгілі бір құрылымдық мәселелерді шешуге бағытталған.

Үшінші энергетикалық пакет 2009 жылдың қыркүйегінде күшіне енді. Содан бері Электр энергетикасы жөніндегі Регламент (ЕО) № 714/2009 ([Electricity Regulation \(EC\) No 714/2009](#)) [33] және ACER (Agency for the Cooperation of Energy Regulators - Энергетикалық реттеушілердің ынтымақтастығы жөніндегі агенттік) № 713/2009 ([ACER Regulation \(EC\) No 713/2009](#)) [34] 2019 жылы «Барша еуропалықтар үшін таза энергия» пакеті аясында қайта қаралды. Электр директивасы (2009/72/EC) ([Electricity Directive \(2009/72/EC\)](#)) [35] 2020 жылдың соңына дейін, электр энергиясының жаңа ережелерінің соңғы бөлігі қолданылды.

Пакет келесі бес саланы қамтиды: бөлу, тәуелсіз реттеушілер, ACER

(Энергетикалық реттеушілердің ынтымақтастығы жөніндегі агенттік), трансшекаралық ынтымақтастық және ашық және әділ бөлшек сауда нарықтары. Электр энергиясы нарығын ырықтандыру процесі электр энергиясына баға белгілеу саясатында Грузияның энергетика және су ресурстарын реттеу жөніндегі ұлттық комиссиясының рөлін шектеуді де көздейді. Демек, жақын болашақта электр энергиясы бағасының серпінін көбінесе нарық анықтайды, бұл тұтынушыларды ішінара құбылмалылық пен жоғары тарифтер тәуекеліне ұшыратады. өтпелі кезеңде (нарықты ырықтандыру кезеңінде) үй шаруашылықтары мен шағын бизнес үшін электр энергиясын тұтынушыларды жоғары тарифтерден қорғауды қамтамасыз ету. Яғни, электр энергиясы нарығында тұтынушылардың осы түрлеріне Грузияның энергетика және су ресурстарын реттеу жөніндегі ұлттық комиссия реттейтін бағамен электр энергиясын жеткізетін субъект пайда болады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау электр энергиясы нарығының бәсекелестік ережелері толық белгіленгенге дейін болады деп күтілуде. Осы өтпелі кезеңде үй шаруашылықтары мен шағын және орта кәсіпкерлер үшін электр энергиясын тұтынудағы жоғары тарифтерден қорғау көзделуде. Ашық электр энергиясы нарығы 2022 жылдың шілдесінде өз жұмысын бастайды деп күтілуде [36].

Латвияда электр энергиясы нарығын ырықтандырудың бірінші кезеңі 2007 жылғы 1 шілдеден басталды, тұтынушылар лицензиялары бар тәуелсіз электр энергиясын жеткізушілерінен электр энергиясын сатып алу мүмкіндігіне ие болды. 2012 жылғы 1 сәуірден бастап, кем дегенде бір объектісі орташа немесе жоғары кернеулі электр желілеріне қосылған заңды тұлғалар (және/немесе энергия қабылдайтын құрылғылардың номиналды ток күші 101 ампер немесе одан көп) электр энергиясын еркін нарықта шарттық баға бойынша сатып алуға міндетті болды. 2012 жылғы 1 қарашадан бастап, барлық заңды тұлғалар, олардың қосылыстарының ток күшіне қарамастан, электр энергиясын еркін нарықта сатып алуға міндеттелді. Соңғы кезең, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап, бұл тек заңды тұлғалар ғана емес, сонымен бірге барлық жеке тұлғалар өздері үшін тәуелсіз электр энергиясын жеткізушісін таңдауға міндетті болған кезде, электр нарығының толық ашылуы болды.



6 сурет. Латвия мемлекетінде тұтынушыларға арналған электр энергиясын жеткізушілердің бағасын салыстырудың ақпараттық құралы [37]

Халықаралық зерттеулер мен қол жетімді шетелдік әдебиеттерге шолу жасау барысында келесідей ұсынымдар түйінделді:

- Сенімді және қауіпсіз жеткізілімдері бар, тиімді электр энергиясы нарығының жаңа бәсекелі моделі - тұтынушылардың мүдделерін қорғау, соңғы пайдаланушы үшін электр энергиясының төмен құны, жоғары сапалы қызмет көрсету және электр энергетикасы кешенін дамыту үшін қажетті инвестициялар көлемін тарту мүмкіндігі;

- «Жасыл» энергия үшін жеңілдікті режимдер және нарық қатысушыларының мінез-құлқын түзетуге арналған айыппұлдар жүйесі;

- Тұтынушылардың, әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

- Энергияны тұтыну және ақылды желілерді есепке алу барысында зияткерлік аспаптарды пайдалану кезінде тұтынушылардың дербес деректерін қорғау және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- Онлайн қызмет көрсету барысында ұйымдардың бағалары, тарифтік жоспарлары, шоттары, кірістері туралы ақпараттың ашықтығы, салыстырмалылығы және түсініктілігі бойынша реттеуші органның қолдауы.

Сонымен қатар зерттеудегі мәселелер негізінде, SWOT талдау жасалынды. SWOT акронимін алғаш рет 1963 жылы Гарвардта профессор Кеннет Эндрюс бизнес-саясат мәселелері жөніндегі конференцияда енгізді. (Kenneth Andrews).

SWOT талдау - ішкі және сыртқы ортаның факторларын анықтап, оларды төрт

санатқа бөлуден тұратын стратегиялық жоспарлау әдісі: Strengths (күшті жақтары), Weaknesses (әлсіз жақтары), Opportunities (мүмкіндіктер), Threats (қауіптер) [38].

6-кесте SWOT талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары(W)
(S1) Нарықтың қалыптасуының жақсы деңгейі (S2) Нарықтың бәсекелестік модельге жақындығы (S3) Инфроқұрылымның жақсы деңгейі (S4) Нарықтың көрсеткіштерінің тұрақтылығы мен өсуі (S5) Нарықтың дамуына мемлекеттік қолдау	(W1) Нарықтың бірқатар көрсеткіштері бойынша шетелдік нарықтардың артта қалуы (W2) Электр энергиясы тауар ретінде қиын құрылымды (W3) Электр энергиясын өндірудің төмен деңгейі (W4) Саладағы негізгі құралдардың ескіруінің жоғары деңгейі
Мүмкіндіктер (O)	қауіптер(T)
(O1) Бәсекелестікті дамыту бойынша оң өзгерістер (O2) Бөлшек нарықтағы бәсекелестікті дамыту арқылы саланың көрсеткіштерінің өсуі (O3) Ақпараттық технологиялар мен ақпараттандыру (O4) Жеке кәсіпкерлердің бизнесі мен табыс көлемінің өсуі (O5) Операциялық және капиталдық шығындарды оңтайландыру	(T1) Нарықтың баға қалыптасуына сыртқы факторлардың әсері (T2) Еліміздің экономикасының өсуінің тежелуі (T3) Нарықтағы көршілес мемлекеттердің электр энергиясын жеткізу үлесінің жоғарылауы (T4) Халықтың төлеу қабілеттілігінің азаюы
<i>Ескертпе: автормен жасалынған</i>	

6 кестеден көріп отырғанымыздай электр энергиясы нарығында әлсіз жақтар мен қауіптердің бар. Оны шешу үшін шешімдер матрицасын қолданамыз.

Фактор	Мүмкіндіктер (O)			Қауіптер(T)	
	O5	O2, O3, O4	O1	T3	T2
1	2	3	4	5	6

6 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
S1		Электр энергиясы саласына қызығушылығы есебінен инвестициялар тартуға болады		Нарықты дамыту арқылы еліміздің имиджін көтеру	
S2					
S3	Инфрокұрылымның жақсы деңгейін қолдана отырып, саладағы қауіпсіздік пен жағдайды жақсартуға болады		Инфрокұрылымның жақсы деңгейін сақтап қалу		Инфрокұрылымның жақсы деңгейін пайдалану
S4					
S5					
W1		Жаңа технологиялар енгізу			
W2			Құрылымнан кейбір қызметтерді бәсекелес ортаға беру		
W3		Жаңа технологиялар енгізу			
W4	Ақша қаражатын негізгі қорларға жұмсау				

Келешекте электр энергиясы нарығындағы бәсекелестікті дамытуға күшті жақтар мен мүмкіндіктерді қолдана отырып, сондай-ақ шетелдердің озық тәжірибелерін пайдаланып саланы оңтайландыруға болады.

Тұтынушылардың электр энергиясын жеткізушіні таңдау әрі ауыстыруы үшін онлайн платформаны Egov.kz порталы арқылы жүзеге асыруға болады. Оны жүзеге асыру тетігі келесідей болу көзделеді.

Тұтынушы белгіленген тәртіппен жаңа электр энергиясын жеткізушімен электр энергиясын жеткізу (электр энергиясын әмбебап қызметтерді жеткізушінің жеткізуі) туралы келісім-шарт жасасу жолымен электр энергиясын жеткізушіні ауыстыруға құқылы.

Электр энергиясын жеткізушісін өзгерту процесіне тұтынушы тартылған және мұндай өзгеріс кезінде тегін негізде өзгеріс пен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін электр энергиясы нарығының субъектілері (қатысушылары) мен электр энергиясының бөлшек сауда нарығының қатысушылары қамтамасыз етеді.

Тұтынушының таңдауы бойынша электр энергиясын жеткізуші ұйымды ауыстыру жаңа электр энергиясын жеткізуші ұйыммен тұтынушының алдыңғы электр энергиясын жеткізуші ұйымына өзгерту ниеті туралы хабарланған күннен басталатын 7 күн ішінде аяқталуы тиіс.

Тұтынушының электр энергиясын жеткізуші ұйымды өзгерту ниеті туралы хабарланған күні тұтынушының жаңа электр энергиясын жеткізуші ұйыммен электр энергиясын тұтынушыға жеткізу туралы шарт жасасу туралы өтініш тіркелген күні болып есептеледі.

Электр энергиясын жеткізуші ұйымды ауыстырудың бір рәсімі аясында тұтынушы тек бір электр энергиясын жеткізушіні өзгерте алады. Тұтынушы электр энергиясын жеткізуші ұйымның жария шартына қосылу - өтініш түрінде, ал егер Тараптар электр энергиясын жеткізуші ұйымның жария шартында жоқ талаптарды қосып шарт жасасуға өзара келісімге келсе, жаңа шарт жасасуға құқылы.

Жаңа электр энергиясын жеткізуші ұйымға тұтынушы тарапынан келесідей ақпараттар берілуі тиіс:

- 1) тұтынушының немесе уәкілетті тұлғаның дербес деректері (тегі, аты, әкесінің аты) немесе ұйымның атауы (заңды тұлға үшін);
- 2) жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірін немесе тіркеу нөмірін беру туралы анықтаманың көшірмесі;
- 3) байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта, хат жазысу үшін пошталық мекенжай және т.б.);
- 4) тұтынушының объектісі (объектілері) бойынша электр энергиясын есепке алу нүктесінің деректері;
- 5) жұмыс істеп тұрған электр энергиясын жеткізушісінің атауы;
- 6) тұтынушыға электр энергиясын жеткізу туралы шартқа қосылу-өтінішінде

көзделген басқа да деректер (егер тұтынушы жаңа электр энергиясын жеткізушісінің белгілі бір коммерциялық ұсынысын тандаса), таңдалған коммерциялық ұсынысқа сәйкес қажет болуы мүмкін басқа да құжаттар;

7) дербес деректерді өңдеуге тұтынушыға қатысты ақпарат алу үшін пайдалануға келісім беру.

Жаңа электр энергиясын жеткізуші тұтынушының сұрауы бойынша оған электр жеткізушісін ауыстыру рәсімін орындау кезеңдері туралы хабарлауы тиіс.

Сонымен қатар, реттеуші орган тарапынан, электр энергиясын жеткізуші ұйымдарды халықтың әлеуметтік топтарына жеңілдетілген тарифтер ұсынуға міндеттеу ұсынылады.

Қорытынды

Зерттеу бізге бірқатар қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қазақстанда бүгінгі таңда мемлекетіміздің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру мәселесіне зор көңіл бөлінген. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев электр энергиясы нарығындағы бәсекелестікті арттыру жөнінде бірнеше рет атап өтті, өйткені еліміздің экономикасының әлеуетін арттыру аталған саланың дамуына да байланысты.

Бұл магистрлік жобада Қоғамның электр энергиясы бөлшек нарығы, оны қалыптастыру, жүзеге асыру және ұйымдастыру бойынша салыстырмалы талдау қолданылды.

Электр энергиясының бөлшек нарығын одан әрі дамыту арқылы бүкіл халықтың мүдделерін ескере отырып, халық табысының өсуі, өмір сүру сапасын арттыру, жайлы өмір сүру ортасын құру бойынша шаралар көзделді. Электр энергиясының бөлшек нарығындағы ұсынылатын механизмдер халықтың мүдделерін ескере отырып, кәсіпкерлер үшін шын мәнінде тең мүмкіндік қалыптастыруға көмектесуге ықпал етеді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің 2020 жылғы 2 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» Жолдауында кәсіпкер үшін шын мәнінде тең мүмкіндік қалыптастыру қажеттігін тапсырды [1]. Тапсырманы іске асыру арқылы электр энергиясының бөлшек нарығындағы электр энергиясын жеткізушілер санын ұлғайту, азаматтардың тиісті электр энергиясын жеткізушіні таңдау тетігін қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, жұмыс ҚР электр энергиясы нарығында бүгінгі таңда орын алып отырған процестерін де қарастырады. Өзекті мәселелер қаралды, халықаралық тәжірибе талданды, электр энергиясының бөлшек нарығының дамуының ықтимал бағыттары қаралды, қатардағы тұтынушылардың, халықтың әлеуметтік осал топтарының мүдделерін қорғау бойынша ұсыныстар енгізілді.

Зерттеуде нарықты ырықтандыру бойынша халықаралық тәжірибе, Қазақстандағы электр энергиясының бөлшек саудасы нарығындағы электр энергиясын жеткізуші ұйымдардың арасындағы бәсекелестік, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері, тұтынушылардың электр энергиясын жеткізушіні ауыстыруды қалыптастыру тетіктері, заңнамалық базаны одан әрі дамыту қаралды және жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленді.

Электр энергиясының нарығының қолданыстағы жүйесін талдау және синтездеу электр энергиясының бөлшек сауда нарығының сапалы және тиімді дамуына кедергі келтіретін келесі негізгі проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді, атап айтқанда:

1. Елдің едәуір үлкен аумағы, халықтың тығыздығы мен аз саны және елді мекендер арасындағы үлкен қашықтық, бұл қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды жедел енгізуді талап етеді;

2. Орталықтандырылған сауда-сатудағы сатылған электр энергиясының жалпы

өндірілген электр энергиясынан 10% кем көлемі;

3. Халықтың электр энергиясын жеткізушіні таңдауға қатысу мүмкіндігінің болмауы;

4. Елдің әртүрлі өңірлері мен облыстарындағы электр энергиясын беру тарифтеріндегі айырмашылықтарды, халықтың, әсіресе азаматтардың әлеуметтік топтарының мүдделері мен жеке кәсіпкерлердің ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі.

Ұсынымдар

Зерттеу нәтижесінде, сондай-ақ бюджеттің 4-ші деңгейін сапалы енгізу және қалыптастыру мақсатында және жергілікті өзін-өзі басқарудың бұрын қаралған проблемалық мәселелерін ескере отырып, мен келесі ұсыныстарды ұсынамын.

1. Онлайн платформа – Egov.kz порталы арқылы жүзеге асыруға болады. Қазіргі таңда Egov.kz порталында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжатты қызмет көрсетушінің алу мүмкіндігі қарастырылған, бұл ретте халықтың әлеуметтік осал топтары да кей мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі бар. Жоба шеңберінде барлық тұтынушылардың электр энергиясын жеткізуші ұйымды таңдау опциясын көздеу қажет.

Зерттеу барысында «Электр энергетикасы туралы» ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 Заңының [14] 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында тұтынушылардың электр энергиясын жеткізушіні таңдау құқығы нақты көрсетілгенімен, бүгінгі таңда жүзеге асырылмай келе жатқандығы анықталды.

Сәйкесінше, Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығына [16] тиісті толықтырулар енгізу қажет:

Келесідей тармақтармен толықтыру ұсынылады: «Тұтынушы белгіленген тәртіппен жаңа электр энергиясын жеткізушімен электр энергиясын жеткізу (электр энергиясын әмбебап қызметтерді жеткізушінің жеткізуі) туралы келісім-шарт жасасу жолымен электр энергиясын жеткізушіні ауыстыруға құқылы.

Электр энергиясын жеткізушісін өзгерту процесіне тұтынушы тартылған және мұндай өзгеріс кезінде тегін негізде өзгеріс пен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін электр энергиясы нарығының субъектілері (қатысушылары) мен электр энергиясының бөлшек сауда нарығының қатысушылары қамтамасыз етеді.

Тұтынушының таңдауы бойынша электр энергиясын жеткізуші ұйымды ауыстыру жаңа электр энергиясын жеткізуші ұйыммен тұтынушының алдыңғы электр энергиясын жеткізуші ұйымына өзгерту ниеті туралы хабарланған күннен басталатын 7 күн ішінде аяқталуы тиіс.

Тұтынушының электр энергиясын жеткізуші ұйымды өзгерту ниеті туралы

хабарланған күні тұтынушының жаңа электр энергиясын жеткізуші ұйыммен электр энергиясын тұтынушыға жеткізу туралы шарт жасасу туралы өтініш тіркелген күні болып есептеледі.

Электр энергиясын жеткізуші ұйымды ауыстырудың бір рәсімі аясында тұтынушы тек бір электр энергиясын жеткізушіні өзгерте алады. Тұтынушы электр энергиясын жеткізуші ұйымның жария шартына қосылу - өтініш түрінде, ал егер Тараптар электр энергиясын жеткізуші ұйымның жария шартында жоқ талаптарды қосып шарт жасасуға өзара келісімге келсе, жаңа шарт жасасуға құқылы.

Жаңа электр энергиясын жеткізуші ұйымға тұтынушы тарапынан келесідей ақпараттар берілуі тиіс:

1) тұтынушының немесе уәкілетті тұлғаның дербес деректері (тегі, аты, әкесінің аты) немесе ұйымның атауы (заңды тұлға үшін);

2) жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірін немесе тіркеу нөмірін беру туралы анықтаманың көшірмесі;

3) байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта, хат жазысу үшін пошталық мекенжай және т.б.);

4) тұтынушының объектісі (объектілері) бойынша электр энергиясын есепке алу нүктесінің деректері;

5) жұмыс істеп тұрған электр энергиясын жеткізушісінің атауы;

6) тұтынушыға электр энергиясын жеткізу туралы шартқа қосылу-өтінішінде көзделген басқа да деректер (егер тұтынушы жаңа электр энергиясын жеткізушісінің белгілі бір коммерциялық ұсынысын таңдаса), таңдалған коммерциялық ұсынысқа сәйкес қажет болуы мүмкін басқа да құжаттар;

7) дербес деректерді өңдеуге тұтынушыға қатысты ақпарат алу үшін пайдалануға келісім беру.

Жаңа электр энергиясын жеткізуші тұтынушының сұрауы бойынша оған электр жеткізушісін ауыстыру рәсімін орындау кезеңдері туралы хабарлауы тиіс.»

Сонымен қатар, әлемдік тәжірибе негізінде «Соңғы үміт» жеткізушісі анықтамасын түсінік аппаратына енгізу ұсынылады. «Соңғы үміт» жеткізушісі алдыңғы электр энергиясын жеткізушісінің банкроттығы, таратылуы, (лицензияның қолданылу мерзімі аяқталған, алдыңғы электр жеткізушісінің тұтынушыларына электр энергиясын жеткізуге арналған лицензия тоқтатылған немесе жойылған, электр жеткізушісінің нарық ережелерін, немесе осы ережелердің талаптарын орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында тұтынушыларға электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтерді ұсынады. Сонымен қатар тұтынушыларға электр энергиясын жеткізу мүмкін болмаса тұтынушы электр жеткізушімен, атап айтқанда, алдыңғы электр жеткізушімен шарт бұзылғаннан кейін, бөлшек сауда нарығының ережелерінде көзделген басқа жағдайларда «Соңғы үміт» жеткізушісі белгіленеді.

«Соңғы үміт» жеткізушісін анықтау конкурс нәтижелері бойынша ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің шешімімен жүзеге асырылады.

«Соңғы үміт» жеткізушісі мен тұтынушы арасындағы электр энергиясын жеткізу шарты мұндай тұтынушыға электр энергиясын нақты жеткізу басталғаннан бері жасалған болып саналады.

«Соңғы үміт» жеткізушісі тұтынушыға 90 күннен аспайтын мерзім ішінде электр энергиясын жеткізеді. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін «соңғы үміт» жеткізушісі тұтынушыны электрмен жабдықтауды тоқтатады.

Сонымен бірге, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне тұтынушыларға бөлшек нарықта электр энергиясын жеткізуші ұйымдардың тізілімін жасау ұсынылады.

Аталмыш ашық бәсекелестікті нарық тетігі іске қосылғаннан, монополия шектеледі. Екіншіден, нәтижесінде, осыған дейін электр энергиясының нарығында жұмыс істеген ойыншылардың шағын тобы қазір бизнесті жүргізу үшін бәсекеге қабілетті жағдайларға ие болады деп күтіледі.

ҚР электр энергиясының нарығында жүргізіліп жатқан реформалардың осы бағытқа бет алуының жарқын көрінісі заңнамада «marketplace» ұғымының орын алғандығы дәлел. Әлем елдерінің тәжірибелерінде осы тәріздес платформалардың жұмыс істеуін бірнеше мәрте кейінге шегерілгендігін (техникалық платформалардың олқылықтарын тексеру, нарыққа қатысушылар үшін тесттік тәртіптің болашақ нарық сегменттерінде қатысушылардың жұмысының статистикалық деректерін алу, баға максимумдарын бағалау, қолданыстағы заңнаманы реттеу) ескере отырып, аталмыш модельді енгізуге асықпағанда абзал.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

- 1 ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020> (өтініш берген күні: 05.03.2021). – мәтін: электронды.
- 2 Доклад Председателя Агентства по защите и развитию конкуренции Жумангарина С.М. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/237483?lang=ru> (өтініш берген күні: 15.11.2021). – мәтін: электронды.
- 3 Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов / пер. с англ. В. С. Афанасьева. – М. : Эксмо, 2009. – 960 с.
- 4 Портер М. Международная конкуренция: конкурентные преимущества стран / М. Портер. М.: Международные отношения, 1993. 896 с.
- 5 Блауг М., Курно А. О. 100 великих экономистов до Кейнса – СПб. : Экономикус, 2008. – С. 152–154.
- 6 Качалина Л. Н. Конкурентоспособный менеджмент. М. : Эксмо, 2006. – 464 с.
- 7 Шкиотов С.В. Проблема национальной конкурентоспособности и институты развития / С.В. Шкиотов // Вестник Ивановского государственного университета. Серия: Экономика. 2011. №2. С. 105-109. – URL: http://ivanovo.ac.ru/upload/medialibrary/27d/VestnikIvSU_2011-2.pdf (өтініш берген күні: 15.11.2021). – мәтін: электронды.
- 8 Савельева Н.К. Методология управления формами и методами ценовой и неценовой конкуренции /Н.К. Савельев // Финансы и кредит. 2014. № 10 (586). С. 36-41 – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metodologiya-upravleniya-formami-i-metodami-tsenovoy-i-netsenovoy-konkurentsii/viewer> (өтініш берген күні: 01.12.2021). – мәтін: электронды.
- 9 Joskow, Paul L., 2000. Why do we need electricity retailers? Or, can you get it cheaper wholesale? Working Paper. MIT Center for Energy and Environmental Policy Research – URL: <http://dspace.mit.edu/handle/1721.1/44965> (өтініш берген күні: 15.11.2021). – мәтін: электронды.
- 10 Littlechild, S.C., 2000. Why We Need Electricity Retailers: A Reply to Joskow on Wholesale Spot Price Pass-Through. Cambridge Working Papers in Economics. Nr.008 Faculty of Economics, University of Cambridge – URL: <https://econpapers.repec.org/paper/camcamdae/0008.htm> (өтініш берген күні: 15.11.2021). – мәтін: электронды.
- 11 Armstrong, 2014. Search and rip-off externalities. University of Oxford. ISSN 1471–0498 – URL: https://mpra.ub.unimuenchen.de/57958/1/MPRA_paper_57958.pdf (өтініш берген күні: 15.11.2021). – мәтін: электронды.
- 12 Энергетика: история, настоящее и будущее. Коллектив авторов. Книга 5 «Электроэнергетика и охрана окружающей среды. Функционирование энергетики

в современном мире». – URL: <http://energetika.in.ua/ru/books/book-5> (өтініш берген күні: 15.11.2021). – мәтін: электронды.

13 Энергетика: история, настоящее и будущее. Коллектив авторов. Книга 5. «Электроэнергетика и охрана окружающей среды. Функционирование энергетики в современном мире». – URL: <http://energetika.in.ua/ru/books/book-5/part-4/section-4/4-1> (өтініш берген күні: 15.11.2021). – мәтін: электронды.

14 Бровкина Ю. Поставка электроэнергии на розничный рынок в условиях конкуренции: зарубежный опыт // Журнал «ЭнергоРынок», 2010. № 1 (73). С. 57

15 Электр энергетикасы туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 Заңы – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000588_#z1 (өтініш берген күні: 17.01.2022 г.). – мәтін: электронды.

16 Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10531 тіркелді – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010531> (өтініш берген күні: 17.01.2022 г.). – мәтін: электронды.

17 Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10533 тіркелді – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010533> (өтініш берген күні: 17.01.2022 г.). – мәтін: электронды.

18 Анализ рынка электроэнергетической отрасли Казахстана – URL: <https://www.samruk-energy.kz/ru/press-center/analytical-review> (өтініш берген күні: 21.03.2022 г.). – мәтін: электронды.

19 ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің сайты: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/237483?lang=ru> (өтініш берген күні: 15.11.2021). – мәтін: электронды.

20 Consensus Reached on New Sustainable Development Agenda to be adopted by World Leaders in September/ United Nations (2 August 2015). – URL: <https://www.un.org/press/en/2015/ga11667.doc.htm> (өтініш берген күні: 04.08.2021г.). – мәтін: электронды.

21 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728> (өтініш берген күні: 17.01.2022 г.). – мәтін: электронды.

22 Қазақстан Республикасының 2017-2019 жж. аралығындағы Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексындағы орыны – URL: <https://govdata360.worldbank.org/indicators/ha03bec65?country=KAZ&indicator=4147>

2&viz=line_chart&years=2017,2019 (өтініш берген күні: 17.01.2022 г.). – мәтін: электронды.

23 Давыдовский, Ф.Н. Либерализация мировой электроэнергетики и проблемы становления конкурентных рынков в условиях реструктуризации// Экономика, предпринимательство и право. — 2011. — № . 7. — С. 12–28 – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/liberalizatsiya-mirovoy-elektroenergetiki-i-problemy-stanovleniya-konkurentnyh-rynkov-v-usloviyah-restrukturizatsii/viewer> (өтініш берген күні: 17.01.2022 г.). – мәтін: электронды.

24 Nepal, R. Reforming the power sector in transition: Do institutions matter?/R. Nepal, T. Jamasb // Energy Economics. — 2012. — Т. 34 (5). — С. 1675–1682– URL: <https://www.econ.cam.ac.uk/research-files/repec/cam/pdf/cwpe1125.pdf> (өтініш берген күні: 17.01.2022 г.). – мәтін: электронды.

25 Tanja Winther & Torgeir Ericson. Matching policy and people? Household responses to the promotion of renewable electricity – URL: <file:///C:/Users/Admin/Downloads/matching%20people%20and%20policy.pdf> (өтініш берген күні: 17.01.2022 ж.). – мәтін: электронды.

26 Juselius, M. The Relevant Market for Production and Wholesale of Electricity in the Nordic Countries: An Econometric Study / M. Juselius, R. Stenbacka – URL: <https://citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/download?doi=10.1.1.525.8513&rep=rep1&type=pdf> (өтініш берген күні: 17.01.2022 ж.). – мәтін: электронды.

27 Williams, J.H. Electricity reform in developing and transition countries: A reappraisal/ J.H. Williams, R. Ghanadan // Energy. — 2006. — Т. 31 (6–7). — С. 815–844. – URL: <https://citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/download?doi=10.1.1.506.4618&rep=rep1&type=pdf> (өтініш берген күні: 17.01.2022 ж.). – мәтін: электронды.

28 Ofgem, “Update on our plans for retail energy price caps”, 6 March 2018– URL: update_on_our_plans_for_retail_energy_price_caps.pdf (ofgem.gov.uk) (өтініш берген күні: 03.03.2021 ж.). – мәтін: электронды

29 Туkenov A. Рынок электроэнергии PJM (США) // Журнал «ЭнергоРынок», 2005, № 1. – URL: <http://www.e-m.ru/er/2005-01/22660/> (өтініш берген күні: 06.11.2020 ж.). – мәтін: электронды

30 Illinois Power Agency, “2018 Procurement Plan Filed for ICC Approval”, September 25, 2017 – URL: <https://www2.illinois.gov/sites/ipa/Documents/2018ProcurementPlan/2018-IPA-Procurement-Plan.pdf> (өтініш берген күні: 03.03.2022 ж.). – мәтін: электронды

31 CallMePower, “How did energy deregulation happen in New York?” accessed 24 March 2018, – URL: <https://callmepower.com/ny/market-liberalization#:~:text=The%20first%20step%20of%20New,utilities%20at%20the%20lowest%20price.> (өтініш берген күні: 03.03.2022 ж.). – мәтін: электронды

32 NYPSC, “Statement of Policy On Further Steps Toward Competition In Retail Energy Markets”, 25 August 2014, – URL: <https://energycentral.com/c/um/energy-service->

- [companies-new-york-commission-actions-and-market-growth](#) (өтініш берген күні: 03.03.2022 ж.). – мәтін: электронды
- 33 Электр энергетикасы жөніндегі Регламент (ЕО) № 714/2009 Electricity Regulation (EC) No 714/2009 – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/ALL/?uri=celex%3A32009R0714> (өтініш берген күні: 03.03.2022 ж.). – мәтін: электронды
- 34 ACER (Agency for the Cooperation of Energy Regulators - Энергетикалық реттеушілердің ынтымақтастығы жөніндегі агенттік) № 713/2009 – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/ALL/?uri=celex%3A32009R0713> (өтініш берген күні: 03.03.2022 ж.). – мәтін: электронды
- 35 Электр директивасы (2009/72/EC) – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/ALL/?uri=CELEX:32009L0072> (өтініш берген күні: 03.03.2022 ж.). – мәтін: электронды
- 36 <https://sputnik-georgia.ru/20220228/nachalo-raboty-energeticheskoy-birzhi-v-gruzii-snova-otlozhen-264831366.html> (өтініш берген күні: 03.03.2022 ж.). – мәтін: электронды
- 37 Латвия мемлекетінде тұтынушыларға арналған электр энергиясын жеткізушілердің бағасын салыстырудың ақпараттық құралы – URL: <https://www.elektroenergija.lv/ru/> (өтініш берген күні: 28.04.2022 ж.). – мәтін: электронды.
- 38 SWOT-талдау ұғымы - URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/SWOT-%D0%B0%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%B7/>(өтініш берген күні: 28.04.2022 ж.). – мәтін: электронды.

Қосымша 1
Мемлекеттік орган үшін негізгі ұсынымдарды қамтитын жұмыс нәтижелері
бойынша талдамалық жазба

Жобаның авторы: Усаев Ж.А.
МРА 2020 магистранты

Ғылыми жетекші: Давлетбаева Ж.Ж.
МСҰМ профессоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты

Жобаның идеясы	Электр энергиясы бөлшек нарығындағы бәсекелестікті дамыту, атап айтқанда электр энергиясын жеткізушілер санын ұлғайту, азаматтардың тиісті электр энергиясын жеткізушіні таңдау тетігін қамтамасыз ету.
Проблемалық жағдай (кейс)	<p>Қазақстан Республикасында кейінгі жылдары электр энергиясымен бөлшек нарықта электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдарға қызмет көрсетуге жалпы 328 лицензия берілген болса, соның тек 114 ұйымы ғана бөлшек электр энергиясы нарығында қызмет көрсететіні анықталды.</p> <p>Соңғы жылдары әлем елдерінде электр энергиясы нарықтарында бәсекелестікті арттыру және ырықтандыру (либерализация) процесстері кеңінен етек алған. Бұл саланың әртүрлілігі ғылыми зерттеулерге, сондай-ақ іскерлік мүдделердің артуына әкеліп отыр. Әлемнің жетекші елдері өз нарықтарын белсенді түрде ырықтандыруда және бәсекелестікті дамытуда. Нарықтың қарқынды дамуы бизнестің қызығушылығына және оған инвестициялар өсуіне, салаға IT-технологиялар енгізілуге әкелді. Алайда, бұл тек электр энергиясы саласындағы жақсы жұмыс істейтін заңнамалық базасы бар әлемнің жетекші елдеріне ғана тән.</p> <p>Аталмыш салада ҚР мемлекеттік басқаруында бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан реформалар азаматтардың қажеттіліктеріне бағдарланған. Қазіргі Қазақстанның серпінді дамып келе жатқан мемлекет ретінде қалыптасу жолындағы қызметінің негізгі құралдарының бірі осы реформалар арқылы тиімді мемлекеттік аппаратқа қол жеткізу болып табылады.</p> <p>Электр энергиясы нарығының әртүрлі секторларында ашық бәсекелестікті ортаны құру мемлекеттің тұрақты дамуына бағдар болады және болып қала бермек. Бұл мемлекеттің экономикасы мен барлық электр энергиясы нарығы жағдайындағы бәсекелестікті артықшылықтарын дамытудың қажеттілігін көрсетеді.</p>

	<p>Халықаралық тәжірибелердің, жарияланымдардың, мақалалардың зерделенген зерттеулері электр энергиясы нарығының дамуы өз кезегінде халықтың өмір сүру сапасын қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару проблемалары және тетіктері туралы белгілі бір түсінік береді. Бұл адамның өмір сүру жағдайларына тереңдік беретін, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын өмір сапасы, сонымен бірге, жеке кәсіпкерлердің аталмыш салада өз қызметтерін жүзеге асыруы - осының арқасында мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын анықтайтын қоғамның әлеуеті қалыптасады.</p> <p>Электр энергиясының нарығының қолданыстағы жүйесін талдау және синтездеу электр энергиясының бөлшек сауда нарығының сапалы және тиімді дамуына кедергі келтіретін келесі негізгі проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді, атап айтқанда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Елдің едәуір үлкен аумағы, халықтың тығыздығы мен аз саны және елді мекендер арасындағы үлкен қашықтық, бұл қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды жедел енгізуді талап етеді; 2. Орталықтандырылған сауда-сатудағы сатылған электр энергиясының жалпы өндірілген электр энергиясынан 10% кем көлемі; 3. Халықтың электр энергиясын жеткізушіні таңдауға қатысу мүмкіндігінің болмауы; 4. Елдің әртүрлі өңірлері мен облыстарындағы электр энергиясын беру тарифтеріндегі айырмашылықтарды, халықтың, әсіресе азаматтардың әлеуметтік топтарының мүдделері мен жеке кәсіпкерлердің ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі. <p>Зерттелетін проблеманың өзектілігі электр энергиясы нарығының бәсекелестік деңгейін арттырумен және осы қызметтің нәтижесімен халықтың өмір сүру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару органдары қызметінің тиімділігімен байланысты. Бұл ретте электр энергиясы нарығындағы бәсекелік ортаны дамытуды зерттеу проблемасы аз зерттелген күйінде қалып отыр және жан-жақты зерттеуді талап етеді.</p>
<p>Осы проблеманы бар шешімдері</p>	<p>«Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңының 3-бабында Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаты тұтынушыларға <i>электр энергиясын жеткізушілерді таңдау құқығына кепілдік беретін нарықта бәсекелестік жағдайлар жасау</i> арқылы энергия тұтынушылардың сұранысын барынша</p>

	қанағаттандыру және электр және жылу энергиясы нарығына қатысушылардың құқықтарын қорғау болып айқындалған.
Осы проблеманы шешуге ұсынылатын шешім	<p>Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығына тиісті толықтырулар енгізу қажет:</p> <p>Келесідей тармақтармен толықтыру ұсынылады: «Тұтынушы белгіленген тәртіппен жаңа электр энергиясын жеткізушімен электр энергиясын жеткізу (электр энергиясын әмбебап қызметтерді жеткізушінің жеткізуі) туралы келісім-шарт жасасу жолымен электр энергиясын жеткізушіні ауыстыруға құқылы.</p> <p>Электр энергиясын жеткізушісін өзгерту процесіне тұтынушы тартылған және мұндай өзгеріс кезінде тегін негізде өзгеріс пен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін электр энергиясы нарығының субъектілері (қатысушылары) мен электр энергиясының бөлшек сауда нарығының қатысушылары қамтамасыз етеді.</p> <p>Тұтынушының бастамасы бойынша электр энергиясын жеткізуші ұйымды ауыстыру жаңа электр энергиясын жеткізуші ұйыммен алдыңғы электр энергиясын жеткізуші ұйымды өзгерту ниеті туралы хабардар еткен күннен басталатын кезең ішінде аяқталуы тиіс.</p> <p>Тұтынушының электр энергиясын жеткізуші ұйымды өзгерту ниеті туралы хабардар ету күні тұтынушының жаңа электр энергиясын жеткізуші ұйыммен электр энергиясын тұтынушыға жеткізу туралы шарт жасасу ниеті туралы тіркелген өтініш жасаған күні болып есептеледі.</p> <p>Электр энергиясын жеткізуші ұйымды ауыстырудың бір рәсімі аясында тұтынушы тек бір электр жеткізушісін өзгерте алады. Жаңа электр энергиясын жеткізушісімен жаңа шарт жасасу ниеті туралы хабарлама электр энергиясын жеткізуші ұйымның жария етілген коммерциялық ұсынысы талаптарымен тұтынушыға электр энергиясын жеткізу туралы шартқа қосылу-өтініш түрінде, ал егер тараптар электр жеткізушісінің жария етілген коммерциялық ұсыныстарында жоқ талаптармен шарт жасасуға өзара келісімге келсе, жаңа электр энергиясын жеткізушімен жаңа шарт жасасу ниеті туралы хабарламада тұтынушы электр энергиясын жеткізу туралы шартқа қосылу түрінде беріледі.</p> <p>Жаңа электр энергиясын жеткізушіге тұтынушы тарапынан осындай ақпарат беруі тиіс:</p>

	<p>1) тұтынушының немесе уәкілетті тұлғаның дербес деректері (тегі, аты, әкесінің аты) немесе ұйымның атауы (заңды тұлға үшін) немесе тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден сәйкес ақпараттар алынады;</p> <p>2) жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірін немесе тіркеу нөмірін беру туралы анықтаманың көшірмесі тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден сәйкес ақпараттар алынады;</p> <p>3) байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта, хат жазысу үшін пошталық мекенжай және т.б.);</p> <p>4) тұтынушының объектісі (объектілері) бойынша электр энергиясын есепке алу нүктесінің деректері;</p> <p>5) жұмыс істеп тұрған электр энергиясын жеткізушісінің атауы;</p> <p>6) тұтынушыға электр энергиясын жеткізу туралы шартқа қосылу-өтінішінде көзделген басқа да деректер (егер тұтынушы жаңа электр энергиясын жеткізушісінің белгілі бір коммерциялық ұсынысын таңдаса), таңдалған коммерциялық ұсынысқа сәйкес қажет болуы мүмкін басқа да құжаттар;</p> <p>7) дербес деректерді өңдеуге тұтынушыға қатысты ақпарат алу үшін пайдалануға келісім беру.</p> <p>Жаңа электр энергиясын жеткізуші тұтынушының сұрауы бойынша оған электр жеткізушісін ауыстыру рәсімін орындау кезеңдері туралы хабарлауы тиіс»</p> <p>Реттеуші орган тарапынан, электр энергиясын жеткізуші ұйымдарды халықтың әлеуметтік топтарына жеңілдетілген тарифтер ұсынуға міндеттеу ұсынылады.</p> <p>Сонымен бірге, реттеуші орган «маркетплейс» алаңына қосылатын электр энергиясын жеткізуші ұйымдарының тізілімін қалыптастырады.</p>
Күтілетін нәтиже	<p>Электр энергиясының бөлшек нарығында бәсекелестікті арттыру халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, жеке кәсіпкерлердің монополиялық компаниялардан тәуелділігін жоюға бағдарланған мемлекеттік органдарды басқару процестерін жақсартуға ықпал етеді;</p> <p>Электр энергиясының бөлшек нарығында электр энергиясын жеткізушіні еркін таңдау мүмкіндігін енгізу халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.</p>
Әдебиет	<p>1 ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан</p>

халқына Жолдауы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020> (өтініш берген күні: 05.03.2021). – мәтін: электронды.

2 Доклад Председателя Агентства по защите и развитию конкуренции Жумангарина С.М. – URL:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/237483?lang=ru> (өтініш берген күні: 15.11.2021). – мәтін: электронды.